Ч4Ка23
И 33

БҮРКІТ
ЫСҚАҚОВ

ӨЛЕҢДІ ЖЫЛДАР



ЖАЗУШЫ

БҮРКІТ
ЫСҚАҚОВ

ӨЛЕҢДІ ЖЫЛДАР

ӨЛЕҢДЕР МЕН ПОЭМАЛАР

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1988



ӘКЕ СЫРЫ

БІРІНШІ СЫР

Бесікте жатыр бөбек уілдеген,
Қайғы ізі қабағынан білінбеген,
Жадырап жаз гүліндей сәби жүзі
Көктемгі күндей көзі күлімдеген.

Балбырап балғын дене күнәден пәк,
Кіршіксіз көңілі таза, жүрегі ақ.
Татпаған ащы-тұщы өмір дәмін,
Көзінде күлкі ойнаған, жарқын қабақ.

Күмістей, сылдыраған нәзік үні,
Шекердей, былдыраған тәтті тілі,
Жібектей, жанға жайлы бал мінезі,
Жарасқан тал бойына бар қылығы.

Сүйемін жас бөбекті жүрегім деп,
Арманым,
ақыл-ойым,
тілегім деп.
Әкелік аманатты артатұғын —
Үмітім,
келешегім,
тірегім деп.

ЕКІНШІ СЫР

Келеді, әне, балаларым ағылып,
Шеттерінен қарақаттай мөлдіреп.
Омырауына значогын тағынып,
Мойнында галстугі желбіреп.

Жерді жарып барабанның дабылы,
Желбірейді желмен керней шашағы.
Өнер-білім өрендері барлығы,
Көздерінен от ұшқынын шашады.

Кремльден көсем көзін тіккендей,
Жарқын жүзді жас жандарға күлімдеп.
Әрқайсының беттерінен өпкендей,
— Жарайсыңдар, көп жаса, ұл-қызым!—
деп.

Төбесінде жібек туы желбіреп,
Сенімменен алға басып барады.
Ұлы халық ұрпақтары, ер жүрек,
Күн сәулелі коммунизм адамы!

ҮШІНШІ СЫР

Көргенімде бөбегімді, баламды,
Әлденелер мазалайды санамды.
Қанша бала жер бетінде жетім қап
Қайыр тілеп, кезіп жүрген алаңды.

Еске алам Алабама, Техасты,[1]
Балалары ойлап жүрген тек асты.
Қанша бала оқусыз қап, мектептің
Есігін де басқалардан кешашты.

---

[1] Алабама, Техас — АҚШ-тың аштық жайлаған штаттары.

Еске түсер Палестина, ливандық,
Өз тағдырын өз қолымен құрмақ жұрт
Жау әкелген зұлмат соғыс өртінен
Қанша бала болып кетті құрбандық.

Ойлағанда бөбегімді, баламды,
Осы жайлар мазалайды санамды.
Болса деймін балаларым бақытты,
Келешегі болмай күңгірт, қараңғы.

Тілейтінім:
Соғыс деген болмасын!
Жасамасын ешкім атом бомбасын.
Барлық әйел бөбектерді мәпелеп,
Барлық еркек балаларды қорғасын.

АНА ТУРАЛЫ ЖЫР

БІРІНШІ ЖЫР

Жанындай көріп сүйетін,
Мейірімді жаны елжіреп.
Сен үшін отқа күйетін
Кім ол, айтшы, бал бөбек?
— Менің абзал анашым!

Бесігіңді тербетіп,
Қасыңнан кетпей түнде айлы.
Ертек айтып, әндетіп,
Кім ойыншық сыйлайды?
— Менің алтын анашым!

Қиқарланып, тіл алмай,
Жалқау болса өз басың,
Бір сен үшін қамығып,
Кім төгеді көз жасын?
— Менің туған анашым!

ЕКІНШІ ЖЫР

Өмірге ана — бұлақ, ана — пана,
Өмірді өркендетер ана ғана.
Тудырған талай көсем, талай шешен,
Талай ер,
талай ақын,
талай дана.

Ойламас адамзатқа еш жаманат,
Өзгеге көрсетері — тек шапағат,
Ананың жүрегінен орын алған:
Ізгілік,
мейірбандық
һәм махаббат.

Ана!
Ол — біздің елде ардақты адам,
Кіші де, үлкен де оны ардақтаған.
Өзінің аяулысы — Отанды да
«Ана» деп біздің халық текке айтпаған.

ҮШІНШІ ЖЫР

Білдік пе біз ана еңбегін бағалай,
Санадық па көз ілмеген түндерін?
Ойсыз едім мен де барлық баладай,
Анашымды ардақтай да білмедім.

Кешір анам, сен қасымда жүргенде,
Өстім ғой мен бірі болып солардың.
Бұлақ барда су қадірін біле ме?
Орман барда отын боп та томарың?

Өтіп жатты ауыр күндер тізбегі,
Ана шіркін үлестіріп шелпегін,

Басымыздан сипайтұғын біздерді,
Алтын масақ жайлы айтып ертегін.

Кешке дейін әуре болып баламен,
Жөргектерді журетұғын тазартып.
Сарғайса егер балғын жүзі санамен,
Самай шашын кетті бейнет ағартып.

Есім кірді, ой тоқтаттым ер жете,
Ажыраттым өмірдің ақ-қарасын.
Болғандықтан, бәлкім, өзім элде әке,
Білдім енді анашымның бағасын.

Кезінде мен ана тілін алмадым,
Енді ол жоқ, тас жұмулы көздері.
Жаңа білдім ана ажалы салмағын,
Құлағымнан кетер емес сөздері.

Көпке дейін ана қадірін білмейміз,
(Өзені мол елде суың қымбат па?)
Анамызды шырақ алып іздейміз,
Түспес қолға қайтып ана бірақта...

ТУҒАН ЖЕР ТОЛҒАУЛАРЫ

КӨКМӨЛДІР

Жағасында Нұраның
Жер бар, аты — Көкмөлдір.
Болғанмен бірі жыраның,
Суы қандай мөп-мөлдір!

Бойы — бітік бетеге,
Жасыл құрақ — жағасы,
Төскейі — гүл текемет,
Балдан тәтті ауасы.

Халық сүйген қарт Қайып[1],
Осы жерде туыпты.
Ақын Сәкен жантайып,
Суына бетін жуыпты.

Атам соны қоныс қып,
Мен де сонда туыппын.
Сонан маған ол ыстық,
Сондықтан да сүйіктім!

ҚАРАҒАНДЫ — МЕКЕНІМ

Қарағанды — атақоныс, мекенім,
Әлемге әйгі кен ордасы екенің,
Елдігіңе, ерлігіңе жұрт риза,
Қайда жүрсем, саған тағзым етемін.

Ұлан-асыр мұхитындай көмірдің
Жалын атты сенде де оты өмірдің,
Көркем көше, көрікті үйлер сән құрған,
Қайда жүрсем, қуанышы көңілдің!

Сан жарыста оза шауып, ерледің,
Ешқашан да қолдан намыс бермедің.
Байқоңырдан аттандырып ғарышқа,
Құшаққа алдың космостың да ерлерін.

Мол қазынаң — мерей елге, жан ана,
Ендірмекші сән-салтанат қалана.
Еңбек етіп, бақыт тапқан ерлерім,
Әкелмекші ырыс-байлық далана.

Қарағанды — абзал, алтын бесігім,
Кетсін тағы әлемге бір есімің.

---

[1] *Қ. Айнабеков, С. Сейфуллин* — қазақ ақындары.

Далаң қандай дархан болса, мекенім,
Достарыңа қашанда ашық есігің.

АЛМАТЫ — ӘСЕМ АСТАНАМ

Отырғанда оңашада, аулақта,
Көз алдымнан өтеді өмір елесі...
Түсесің сен есіме кеп сол шақта,
О, Алматым, өмірімнің белесі!

Әлі есімде:
сонау алыс арқадан
Алас ұрып, аңсап сені келгенім,
Айрылысып ата-анадан, қалқадан,
Құшағыңа құмарлана енгенім.

Әлі есімде:
асау, албырт үмітпен,
Университет баспалдағын басқаным.
Кейде анық, кейде күңгірт күдікпен,
Аудитория есіктерін ашқаным.

Шыққанда Күн Алатауға асыла,
Тақиямды баса киіп шекеме,
Жөнелгенім жұртпен бірге асыға,
«Қайдасың,— деп,— қайран,
ыстық мекеме!?»

Әлі есімде:
таудан соққан самалға
Ашып тастап ақ көйлектің жағасын,
Әзіл айтып Фатима мен Жамалға,
Қыдырғаным жасыл бақтың арасын.

Кетер емес ешқашан да есімнен,
Алматының әсем, алтын күндері!

Жанға жайлы қоңыр, салқын кеші мен
Айсыз аспан, бұлтсыз тынық түндері!

Шығар емес еш уақытта жадымнан
Астананың әсем, алтын шақтары,
Көк үйлері,
қатар-қатар салынған,
Театрлар,
стадион,
бақтары...

Көңіл бөлмей, көзді салмай басқаға,
Отырғанда бейуақытта, оңаша.
Түседі еске қайта-қайта астана,
Әрі көркем,
әрі ерке,
тамаша!

О сүйікті,
о сүйкімді Алматым,
Білмеппін ғой бұрын сенің бағаңды.
Сен екенсің жиһандағы жаннатым,
Жер жоқ шығар сенен сұлу ғаламда!

ОКТЯБРЬ ӨЛЕҢДЕРІ

БІРІНШІ ӨЛЕҢ

Түннен түндік жамылып,
Түнеріп дүние тұр еді.
Танабы жердің тарылып,
Кірмеп еді-ау реңі.

Заманның қатал айбыны
Жасқантып жұртты жасынан,
Қара бұлты қайғының
Айықпай адам басынан —

Бет қаратпай сұрапыл
Соқты дауыл долдана,
Ескі өмір болып мүсәпір,
Құлады құрып, зорлана.

Сол соққан күшті дауылдан
Жаңа дүние жаралды.
Дауылдан туған жалыннан
Таң шапағы таралды.

Содан бері әлемнің
Алтыдан бір аймағы
Бөленіп бақыт нұрыңа,
Құлпырып, гүлдеп жайнады.

Дегенім, дауыл, қарасам —
Октябрьдің күні екен.
Таң дегенім, тамаша,
Сол күннің сәуле — нұры екен!

ЕКІНШІ ӨЛЕҢ

Келді ұлан өмірге
Отты жалын, дауылда.
Өң кіргенде өңірге,
Жан біткенде қауымға.

Түлеп ұлан тұғырда,
Өсті алтын ұяда.
Қыранша қарап қырымға,
Қанат қақты қияға.

Ұлан өсті, ер жетті,
Жігіт болды қайратты,
Кең иықты, келбетті,
Жау жасқантар, айбатты.

Қолға алып Балға, Орақ,
Атқарды ол зор іс.
Тигенде жау анталап,
Майданға барды,
соғысты.

Жауынгер, қайсар, уытты,
Сом болаттан тұлғасы,
Білемін бұл жігітті,
Ол — Октябрь құрдасы.

ҮШІНШІ ӨЛЕҢ

Оқуға алғаш келгенде,
Болсын деп білім — егізім.
Қиялым қанат бергенде,
Кешпек боп ғылым теңізін:
Қарсы алды күліп мектебім,
Тұр екен дайын партасы.
Бақытқа мұндай жеткенім —
Алтын таңның арқасы!

Дей бермей ылғи «баламын»,
Келгенде қызмет атқарғым,
Ұстатып қолға қаламын,
Қасына қосты қарттардың.

Еш болмай еңбек еткенім,
Атандым халық қалқасы,
Бақытқа мұндай жеткенім —
Алтын таңның арқасы!

Қолыма алып жолдама,
Аттандым алыс Қырымға,
Көрмедім жаттық онда да,
Көбейді сырым, жырым да.

Шаттық күй болды шерткенім,
Жансая болды жартасы,
Бақытқа мұндай жеткенім —
Алтын таңның арқасы!

Өзгерді өлкем ғажайып,
Түрленді түлеп тың дала.
Картадан ақ жер азайып,
Орнады оған мың қала.

Көркейіп Көкше, Қосшағыл,
Гүлденсе Баян, Балқашы —
Осының бәрі, достарым,
Алтын таңның арқасы!

ЖҰЛДЫЗ ЖЫРЛАРЫ

БІРІНШІ ЖЫР

Ұмытқам жоқ әлі мен,
Бүгінгідей есімде:
Шықтым сыртқа әжеммен
Жаздың жайлы кешінде.

Көргем сонда көп жұлдыз
Ашық аспан төрінен.
Қыңқылдағам әжеме:
«Алып бер»,— деп, оны мен.

Әжем байғұс қиналып,
Деген маған: «Қой, балам,
Жұлдыз — тәңір шырағы,
Ойыншық емес ол саған.

Көкте тұрған жұлдызға,
Қол созуға болмайды.

Тиіп кетер киесі,
Айтпа, балам, ондайды».

Сонан бері арада
Өтті зырлап талай жыл.
Өлке өзге түрге еніп,
Жаңаланды ой мен қыр.

Әжем оның баршасын,
Құдіретті көргенмен,
Жұлдыздардың қаншасын
Көріп жүрмін жерден мен...

Әжем қанша жұлдызды
Құдіретті десе де,
Біз оны әкеп орнаттық
Кеңсеге,
үйге,
көшеге...

ЕКІНШІ ЖЫР

Борышын өтеп әскерлік,
Қайтты жігіт еліне.
Кіндік кескен, кір жуып,
Туып-өскен жеріне.

«Алтын жұлдыз» арайлы —
Кеудесінде жігіттің,
Майдандағы кеше өткен
Айғағындай ерліктің.

Келді жігіт аулына,
Қарсы алып тұр сүйген жар,
Омырауында оның да
«Орақ-Балға» медаль бар.

Жігіт тақты медальды,
Бұзғаны үшін жау шебін.
«Орақ-Балға» жары алды,
Алғаны үшін мол өнім.

Ерлі-зайып екі жас
Құшағында құрметтің:
Бірі — Майдан Батыры,
Бірі — Ері Еңбектің.

ҮШІНШІ ЖЫР

Жарқырайды қос жұлдыз
Жас жігіттің төсінде.
Алтын тудай жарасып,
Батырлық, ерлік кескінге.

Өткізіпті ол басынан
Сонау қанды майданды,
Алтын жұлдыз төстегі —
Сондағы ерлік айғағы.

Өткен жылы егіннен
Озат өнім алыпты.
Омырауға сол үшін
Орақ-Балға тағыпты.

Алтын тудай жарасып,
Батырлық, ерлік кескінге.
Жарқырайды қос жұлдыз
Жас жігіттің төсінде!

-32265-

Нуринская ЦБС

ТӨРТІНШІ ЖЫР

Алыстағы алтын сәуле, арманым,
Жұлдыз болып көк жүзінде шарладың.
Талайларды таңдандырып көркіңмен,
Талайлардың ой-қиялын арбадың.

Қанбасам да құпияңа, сырыңа,
Арқау болдың өлеңіме — жырыма.
Сүйіктімді «Шолпаным» деп атадым,
Ақ дидарын балап асыл нұрыңа.

Таң алдында шыққанында сәнменен,
Бұлбұл құстар қарсы алады әнменен.
Бұл күндері мақтанышпен атаймыз,
Есіміңді ерекше бір мәнменен.

Саған қарай самғап ұшып баратын,
Күміс құсым қақты көкке қанатын.
Күн де жақын ақ жүзіңді аймалап,
Омырауыңа алтын тақа тағатын.

ДОСТЫҚ ЖЫРЛАРЫ

МОСКВАНЫ ТЫҢДАЙМЫН

Күңгірлеп қурант,
Кремль —
Соққанда таңғы сағатын,
Ойнақтап, толқып жүрегім,
Тыңдаймын қалмай тағатым.

«Қайырлы таң, жолдастар,
Соңғы хабар...» дегенде,
Асау аттай ойқастап,
Сыймайды сезім денеме.

«Жеңіске жетті тамаша
Кеншілері Оралдың...»
Қуанам мен де балаша
Табысына солардың.

Қавказдық бір бишіге
Беріліпті ардақты ат.
Тыңдаймын оны сүйсіне,
Тұрғандай мені наградтап.

Москва ортақ жалпыға
Өтейді көптің керегін,
Тарыққан үнді халқына
Беріпті достық көмегін.

Береке, ырыс, жаңалық,
Москвадан тарайды.
Сондықтан да қадалып,
Миллион көз оған қарайды.

СҮЙЕМ СЕНІ УКРАИНА!

Украина —
ерлік күрес,
ен байлықтың Отаны,
Ұлы орыспен тегі бірге,
ұрпағы бір атаның.
Запорож бен Закарпаттың
заңғар биік қиясы —
Болған талай
болат топшы
қырандардың ұясы.
Наливайко,
Сагайдачный,
Кармелюк пен Богданның
Ерлік ізі әлі жатыр
әр тасында қорғанның.

Шевченко мен Франконың өткір,
отты жырлары
Жауға жебеп,
рухтандырған
Украина ұлдарын.
Сүйемін мен Украинаның
ұлан-байтақ даласын,
Днепрді,
Днестрді,
Тынық Донның сағасын.
Сүйемін мен украинның
от жүректі ұлдарын,
Талай тартыс,
тар кезеңде
жыққан жаудың туларын.
Сүйемін мен
қаз мойынды,
қайқы төсті қыздарын,
Бір қараумен
құятұғын
жүрегіне нұр-жалын...
Мекен етіп тұрсам-дағы
туған қазақ жерін мен,
Еске алып,
жырға қосам
Украина елін мен!

ӨЗБЕКСТАН ӨРЕНДЕРІНЕ

Сәлем сізге, өзбек достым, қардашым[1]
Отандасым, бауырласым, қандасым.
Сыр бойында, Ферғананың бауырында
Араласып бірге өскен мал, басың.

---

[1] Қ а р д а ш — туысқан, бауыр.

Туын тіккен төріне зор Шарқтың[2]
Ұрпағымыз айбынды, Ұлы халықтың.
Бірге өткіздік басымыздан сан ғасыр
Нелер ауыр тар өткелін тарихтың.

Қос мүйізді қолбасшысы гректің[3]
Елімізге орнатпаққа түнек түн,
Ұмтылғанда, арғы ата-бабамыз
Соққы берген күшімен сом білектің.

Астына алып найза менен садақтың,
Қалың қолы қаптағанда арабтың.
Бірге аттанған жауға қарсы жалақтап,
Ер ұлдары өзбек пенен қазақтың.

Қан ағызып қанды қайқы қылыштан,
Шыңғыс қолы шұбырғанда шығыстан,
Қарсы аттанған тұлпар мініп, ту ұстап,
Ағайынды өзбек — қазақ туысқан.

Бірге алдық талай қиын қорғанды,
Бірге игердік талай тауды, орманды...
Тізе қосып кіріскенде еліміз,
Кімдер, нелер бізге бөгет болған-ды?!

Алдымызда тағы жаңа міндет тұр,
Партиямыз ұлы іске үндеп тұр,
«Айналсын,— деп,— Бетпақдала
гүлзарға»,
«Құмның құрыш қамалына кір!»— деп
тұр.

Еліміздің ежелгі ерлік салты бар,
Дүниені дабылдатқан даңқы бар.

---

[2] Шарқ — Күншығыс.
[3] Қос мүйізді қолбасшы — Александр Македонский.

Ерлік іске Компартия бастаса,
Біздер емес қиындықтан тартынар.

Қуып құмын, сырып шөлін, бораның,
Тілгілейік бетін Бетпақдаланың,
Егін-жайға, бау-бақшаға бөлейік.
Ташкент, Шымкент, Бостандықтың алабын!

АЛТЫН УФА

Башқұртстан астанасы,
Башқұрттардың бас қаласы,
Елдігің мен бірлігіңнің —
Ең алғашқы бастамасы —

Сәлем саған, алтын Уфа
Сәлем саған, жарқын Уфа!

Ленин болған әсем қала,
Пушкин келген әсем қала,
Ғафури мен Сәйфи Құдаш
Жыр тудырған, шешен қала.

Сәлем саған, әсем Уфа,
Сәлем саған, шешен Уфа!

Сенің сонау «Ғалияңнан»
Талай қазақ дәріс алған,
Сырлы, сырбаз тас көшеңде,
Бейімбеттер ізі қалған.

Сәлем саған, ұстаз Уфа,
Сәлем саған, сырбаз Уфа!
Сені сүйем Алматымдай,
Дүниенің жаннатындай,
Келдік алып қазақ жырын,
Мәңгі естен қалмайтындай.
Сәлем саған, алтын Уфа,
Сәлем саған, жарқын Уфа!

ӨЛЕҢДІ ЖЫЛДАР

ЛЕНИН МӘҢГІ ЖАСАЙДЫ

Мүмкін сөнер күміс Күн,
Мүмкін сөнер алтын Ай,
Бірақ Ленин бейнесі
Жасар мәңгі жарқырай.

Мүмкін мұхит суалар,
Мүмкін терек қуарар,
Бірақ Ленин тіккен ту
Мәңгі жасап тұра алар.

Гүл де солар, ағарар,
Тау да тозар, жоғалар,
Бірақ Ленин ұлы ісі
Мәңгі жасар, жаңарар.

ОТАНДЫ СҮЙ

Ақтамаған ақ сүтін
Ана менен атаның,
Ел басына туса күн.
Демеймін: қорғар Отанын.

Ағайынға жаны ашып,
Қараспаған туысқа,
Шығуына шүбәм бар
Отаны үшін ұрысқа.

Шырылдатып баласын
Тастап кетсе далаға,
Отаны үшін отқа ол
Сірә да түсе ала ма?

Жанындағы жолдасын
Жықса апарып апанға,
Ол қастандық етпес деп,
Айта алмаймын Отанға.

Туған тілін менсінбей,
Тәкаппарсып қарағаң —
Өз елін де жерсінбей,
Өзгені артық санағаң.

Елінің білмей ерлерін,
Шырқамаған ата әнін,
Сүйеді, деме, өз жерін,
Сүйеді, деме, Отанын.

АЛТЫН ЗАҢ

Кең бөлме,
Биік стол.
Электр шам.
Отырмын жалғыз өзім,
Жоқ бөтен жан.
Алдымда жатыр журнал,
газет,
кітап...
Бірі — өлең,
бірі — тарих,
біреуі — Заң...

Ішінен жаңа Заңды қолыма алып,
Қарадым,
Көз жүгірттім,
назар салып.
Көзіме оттай ыстық басылады:
Әрбір сөз,
әрбір буын,
әрбір әріп!

Өмірге бергендей ол жоба жазып,
Әр сөзі — адастырмас Темірқазық.
Оқимын,
үйренемін,
ұғам сонан:
Ойға — өріс,
өмірге — жол,
Ақылға — азық!

ҚАНАТТЫ ҚИЯЛ

Жазғытұрым.
Жайлы кеш.
Аулақта отыр қарт ата,
Қасындағы ұлына
Әңгіме-шерін тарқата.

«Шырағым,— деді ол,
— ертеде
Ұшатын кілем болыпты,
Айшылық алыс жерлерге
Өзі ұшып-қоныпты.

Адам оған ауыр жүк —
Артып,
көкке ұшыпты,
Кең аспанды аралап,
Айды,
Күнді құшыпты».

Тыңдап сөзін атаның.
Оқуға жүріп ұл кетті,
Содан бері арада
Талай ай,
күн,
жыл өтті.

Қайтты бірде баласы
Самолетін самғатып,
Өнерімен ұшқыштық
Көрген жанды таңғалтып.

Осылайша,
атаның —
Қиялын сан ғасырлық
Шығарып біз шындыққа,
Іс жүзіне асырдық.

ҚЫРЫМ ҚЫЗЫ

Көргем кеше Қырым қызын
Қызыл қырман басынан,
Күн күйдіріп нұрлы жүзін,
Жел сипаған шашынан.

Ең болмаса, бір тіл қатып,
Ойым — бүгін таныспақ,
Келем зырлап, құйындатып,
Бара ма жол алыстап?!

Қырман басы — қызу еңбек,
Даласындай майданның,
Мұнда айтуға «мен сүйем» деп,
Барар аузы қай жанның?!

Кеттім тағы тілдесе алмай
Аруымен Қырымның,
Айналысып іспен ондай
Көрген дейсің бұрын кім?!

Алтын астық миллиард пұттап,
Тапсырайын еліме,
Қолға алармын сонда мықтап,
Қырым қызы, сені де!

Машинамды тиеп алып
Тағы тыңның дәніне,
Қелем ұшып, келем ағып,
Басып таныс әніме!

ОҚЫМЫСТЫ, ОҚЫТУШЫ ОРДАСЫ

Университет!
Ардақты алтын бесігім!
Әлемге аян сенің даңқың, есімің,
Ғылым қуған ұл-қызына қазақтың,
Жомарт қолмен кең ашылған есігің.

Отан гербі омырауыңа жарасқан,
Еңсең биік көкте бұлтпен таласқан,
Дүние сыры өз бойыңа тұр сиып,
Ақыл-ойың ғасырлардан әрі асқан.

Талай жасқа нұсқап өмір шынарын,
Кеудесіне құйдың білім бұлағын,
Отаншылдық от маздатып жүректе,
Зердесіне жақтың ғылым шырағын.

Талайлардың болдың өмір жолдасы,
Ақылшы,
дос,
ұстаз,
әрі қолбасы!
Сан түлекті тұғырынан түлеткен —
Оқымысты, оқытушы ордасы!

Маған қымбат — сенің ізгі есімің,
Маған ыстық — сонау сырлы есігің,
Маған азық, маған мақтан мәңгілік,
Университет!
Ардақты алтын бесігім!

МЕНІҢ ДАУСЫМ

Отаным елеп мені, ұлсың деп сен,
Ерікті, елін сүйген ерлермен тең,
Сен де өзің сүйгеніңе дауыс бер деп,
Қолыма берді менің қос бюллетень.

Оңаша үй. Биік стол. Жалғыз өзім,
Көңіл шат, денем сергек, ыстық сезім,
Бой балқып, жүрек толқып, қол дірілдеп,
Қадалды бюллетеньге екі көзім...

Көзіме түсті сонда: екі ат таныс,
Екі-ақ сөз. Бірақ мәні терең, алыс...
Ел сүйген, ел қамын жеп, еңбек еткен...
Бермекпін сондықтан да оған дауыс.

Ол дауыс — берер даусым халқым үшін,
Күші толып, қуаты артуы үшін.
Азат және бақытты, тәуелсіз боп,
Байлығы өсіп, дәулеті шалқуы үшін.

Ол дауыс — берер дауыс елім үшін,
Гүлденіп, көркейетін жерім үшін.
Қарты ардақты, жастары бақытты боп,
Өмір жайнап, жасара беруі үшін.

Ол дауыс — берер даусым көсем үшін,
Даңқы артып, мерейі өсері үшін,
Халқын бастап бақытқа, сара жолмен,
Жеңістен жеңістерге жетері үшін.

Терең ой туып осы екі-үш сөзден,
Отырдым үңіле қарап ойлы көзбен,
Жүйткіді жүйрік қиял шартарапқа,
Дүниені сол секундте болар кезген.

Тұрдым да ақ жәшікке жақын келдім,
Бетіне тағы қарап бюллетеньнің,
Халықтың қалаулысы — кандидатқа,
Зор ықлас, шын жүректен дауыс бердім.

СОҒЫСҚҰМАРЛАРҒА

Тағы да түршіктіріп тыныштықты,
Сұмпайы «соғыс» деген бір үн шықты,
Айбат қып атомымен адамзатқа,
Бастамақ сұрқиялар бір сұмдықты.

Тағы да бейбітшілік шырқын бұзып,
Дүрлігіп, даурығуда өңшең бұзық,
Жаһанға жасамаққа қанды жорық,
Жеңілікті «жоба» жасап, «жоспар» сызып.

О, мистер!
Асып-таспа, әуре болма!
Апармас сені алысқа атом-бомба!
Байқа сен,
абайлап бас аяғыңды,
Табылар одан мықты, одан зор да.

Қара сен,
Греция тауларына,
Көзің сал Вьетнам ауданына,
Қарулы қалың қолды көр ондағы,
Аттанған бейбітшілік жауларына.

Москва,
Париж,
Дели,
Будапеште,
Бас қосқан адамдарды ал,
сен,
еске!

Ұқ:
Әзір екендігін олардың да
Жолында бейбітшілік зор күреске.
Жоқ, мистер,
арам ойың орындалмас,
Жауыздық жасағанмен жолың болмас,
Дүниеде бірлік, достық деген күш бар
Оқ өтпес,
бомба бұзбас,
атом алмас!

ЖАРҚЫН ЖҰЛДЫЗДАР

ДЕКАБРИСТЕР ДАУСЫ

Жаңа бет

(П. И. Пестельдің сөзі)

Болды бір іс не болса да,
Солай болу тиіс еді,
Асығыстау жасалса да,
Бұл біз үшін — ұлы іс еді.

Бармаған жан байыбына,
Бәлкім, бізді дер қара бет,
Әйтсе де Отан тарихына
Кеттік жазып бір жаңа бет.

Білер кейін

(С. И. Муравьев — Апостолдың сөзі)

Жалғыз өстім, қайғылы өстім,
Жанымды өмір жаралады,

Елемеді мені ешкім,
Ешкім маған қарамады.

Жауға қарсы жалғыз бардым,
Тағы елеусіз болдым құрбан.
Бірақ кейін білер халқым,
Айрылғанын қандай ұлдан!

3. Үлгі — нұсқа

(К. Ф. Рылеевтің сөзі)

Білдік біздер әлімізді,
Білдік басым жаудың күшін,
Бірақ жинап барымызды,
Ұрысқа ендік Отан үшін!

Жеңілісті тағы білдік,
Күш тең емес бұл ұрыста,
Әйтсе де біз бермек болдық
Басқаларға үлгі-нұсқа!

ҰЛЫҚБЕК

Әмірлікті айырбастап ғылымға,
Төреліктің тағын теуіп тастадың,
Қиял құсын ұшырдың да Қырымға
Оймен шолдың Самарқанның аспанын.

Фархад сынды сыбанып-ап білекті,
Канал тарттың алыс аспан төріне,
Тас-талқан ғып надандықты, түнекті,
Жұлдыз болып тудың өзбек көгіне.

Бағалауға жетпей сені ақылы,
Қатал заман қанша торын құрмады?!

Арандатты-ау, аңдып жүріп ақыры,
Бруноша болдың ғылым құрбаны.

Өтті міне содан бері бес ғасыр,
Ізсіз кетті тарихтан да талайлар,
Тұр жарқырап, ақ алмастай бейне асыл,
Сен тұрғызған минареттер, сарайлар...

О, Ұлықбек!
Өлген жоқсың, тірісің,
Ғалымдармен бір саптасың, сапар бір,
Орта Азия ғылымының Күнісің,
Коперникпен[1] ізгі есімің қатар тұр!

ТОҚАЙ

Ұлы Тоқай, ұл Тоқай —
Татардың тарлан ақыны.
Өлең — Тоқай, жыр — Тоқай —
Қазақтың да жақыны.

Туып Қырлай аулында,
Түлеген қазақ жерінде.
Ұмытпай башқұрт баурын да,
Жырлаған орыс елін де.

Абай, Тоқай — екі есім
Жүрегінде халықтың,
Тұрса да алда неше сын,
Туарын білген жарық күн.

Бүкіл елге танылған
Жиырма жеті жасында,
Жыры — мирас қалдырған
Жиырма жеті ғасырға.

---

[1] *Джордано Бруно, Николай Коперник* — ұлы астроном — ғалымдар.

КЕШІР, АҚЫН!

(Ақын Ілияс Жансүгіровке)

Атыңнан айналайын, ақын аға,
Жанымдай, жүрегімдей, жақын аға,
Өзіңді жыр етуге жалықпас ем,
Шықсам да сағат сайын сахнаға!

Тусаңда Жетісудың бауырында,
Ой-Тоған, Саға-Бүйен ауылында,
Жыр еттің шын көңілмен Көкшетауды,
Сипадың Құлагердің сауырын да.

Ақсудың шомылсаң да суында, сен,
Қарағаш, аунасаң да құмында сен,
Емірене Еділ — Жайық суын сүйіп,
Жырладың Исатайдай ұлын да сен.

Шын жүйрік бап талғай ма, күй қарай ма?
Төкпей ме ағыл-тегіл жыр маңайға.
Өнердің жарысында оза шауып,
Қададың жыр жалауын Гималайға.

Жырыңды естіген жан — қайран бәрі,
Атағың кетер ме еді Айдан да әрі!..
Өлеңнің сан сарайын сомдап соққан,
Ән-күйдің Қызыр-Ілияс пайғамбары!

Асқанда ақындықтың өрінен, сен,
Алғанда барып орын төрінен, сен.
Құйрықты жұлдыз сынды ағып түстің
Жарқ етіп поэзия көгінен, сен!..

Мерт болдың қапияда есіл ақын,
Айтайын оны сыр ғып несін, ақын...
Қол ұшын қысылғанда бере алмадық,
Сол үшін ел-жұртыңды кешір, ақын!

ҰСТАЗ

(Қажым Жұмалиевке)

Арқалап киіз сумкамды,
Ашқанда мектеп есігін,
Күлімдеп мені қарсы алды,
Құрметті ұстаз, есімің!

Соққанда жатқа мінбеден
Ер Махамбет жырларын,
Ұқтырдың біздер білмеген
Ақынның асқақ сырларын.

Жастанып түнде басыма,
Оқысам Абай өлеңін,
Жанаса келіп қасыма,
Тұрғандай тағы көремін.

Теңіздей терең тебіреніп,
Жазсам да небір өлеңді,
Үйреткенсің сен келіп,
Ақындық маған өнерді.

Кеткелі шалғай алдыңнан,
Өтсе де ұзап талай күн,
Айнымай шәкірт қалпымнан,
Әлі де ұстаз санаймын.

АБЗАЛ ҰЛЫ ОТАННЫҢ

Мәлік Ғабдуллинге

Арамызда аңқылдап
Кеше ғана жүр едің,
Жүзің күндей жарқылдап,
Елдің көркі, гүлі едің.

Жібермей жауға кегімді,
Жеңіспен қайтқан Геройым,
Танытып көпке еліңді,
Көтердің көкке мерейін.

Әлемге аты әйгілі,
Абзал ұлы Отанның,
Бермедің бас бәйгені,
Батыр, Ғалым атандың.

Аяулы, асыл қалпыңмен
Қазаға қалай қиярсың!?
Осынша биік даңқыңмен,
Табытқа қалай сиярсың!?

Қайран аға, қош енді,
Қоштаспасқа шара жоқ,
Орның олқы, бос енді,
Толтырар оны шама жоқ.

ДОСКЕЙ

Шын сәйгүлік,
Шыққан жүйрік
Даласынан Арқаның —
Доскей қартқа
Арнамаққа
Бұл жырымды тартамын.

Доскей ақын,
Сізді халқың
Ардақтайды тамаша.
Жүзің — жарқын,
Сөзің — алтын,
Баға жетпес санаса.

Ақын ата,
Ән шырқата
Бұл Советтік заманда,
Әннен өрнек,
Сөзден меруерт
Бердің біздің адамға.

Елдің ісін,
Ердің күшін,
Ұлы Отанның табысын,
Мадақ еткен,
Жырды төккен
Шықты дауыл дауысың.

Халық күні —
Ленинді
Шын жүректен жырладың.
Еркін елді,
Байтақ жерді
Жырлаудың бір тынбадың.

Ақын, сонау —
Қанау, тонау
Бай билеген заманда,
Домбыра шерттің,
Жырды төктің,
Осынау Арқа даланда.

Сонда сенің
Өлеңдерің
Сарыарқаның бойында
Сақталып еді,
Жатталып еді
Қойшылардың ойында.
Төктің зарың
Ашып жаның
Езілген кедей табына.

Еңіреген ел,
Езілген жер
Құлақ түрген зарыңа.
Доскей дарын,
Қайғы-зарың
Кетті, мәңгі-енді жоқ,
Бәлкім, олар
Қалса қалар
Өткен күннен белгі боп,
Енді бүгін,
Жырлар күнің,
Ақын ата, қарышта!
Өзің де — жас,
Жырың да — жас,
Бас жалынды маршқа!

ОЛ КҮНДЕРДІҢ ӨШПЕС ДАҢҚЫ...

СӨЗ БЕРІЛДІ ҚҰРАЛҒА

Созса егер сұр жылан,
Улы тілін қыранға,
Қылмай қайрат қарсы оған,
Қыран қарап тұрар ма?!

Жетер жұмсақ, жылы сөз!
Мезгіл жалынды ұранға!
Ендігі сөзді бердік біз
Қаһарлы, қатал құралға!

АТТАНЫС

Алтын бақ жайнап тұр
Кілемдей масаты,
Көктен күн төгіп нұр,
Түрге түр қосады.

Майысып, балбырап,
Құлпырып қызыл гүл,
Жапырақ салбырап,
Иіліп қарап тұр.

Сол бақтың ішінде
Елжіреп қос жас тұр,
Тұңғиық түсінде
Бардай-ақ терең сыр.

Қадала қарасып
Қарақат көздері,
Тамаша жарасып,
Тұр әне өздері!

Әуелі үнсіз тек
Сүйісіп тұрды да,
Жас жігіт «Сәулем» деп,
Жарға бет бұрды да,

Қымсына қол беріп,
— Ұмытпа,— деді ол,—
Қайтқанша мен келіп,
Жан жарым, аман бол!

Жөнелді жас жігіт
Мінді де атына,
Қалды жар көз тігіп,
Қараған қалпында.

СОЛДАТ СЕРТІ

О, Отан,
сенсің менің туған анам,
Әлдилеп,
ақ сүт беріп,
әлпештеген,

Аяңда асыл өскен менмін балаң,
Ойы — озат,
бойы — болат,
күші — ерен.

Басыма қондырып сен бақыт құсын,
Нұр құйдың жүрегіме,
көңілге де,
Бір сенің азаттығың,
арың үшін,
Әзірмін өмір түгіл,
өлімге де!

АЛМА АҒАШЫ

Ерте ектім алма ағашын,
Қоям күнде суарып,
— Ақ алмасы,— деп,— солмасын,
Жас жапырағы қуарып.

Өтер күндер, өтер айлар,
Жыл соңынан жыл келер,
Алма бағы гүл-гүл жайнар,
Құлпырар да түрленер.

Келер сонда мен сүйген ер
Қайтып туған еліне,
Кіндік кесіп, кір жуған жер,
Айдын шалқар көліне.

Көрер сонда алма ағашын,
Самал желмен шайқалған,
Бал татыған ақ алмасын,
Жас жапырағын жайқалған.

Көрер және ғашық жарын,
Алма бағын баптаған,

Шын махаббат, пәк жүрегін
Жарға арнап сақтаған.

Айтар сонда: «ырзамын мен,
Сәулем саған, қалқатай!
Қызыл гүлдей — сұлусың сен,
Тәттісің сен — алмадай!»

ҚАҺАРМАН ҚАЗАСЫ

Совет Одағының Батыры
Төлеген Тоқтаровқа

Ұлы ұрыс, қанды майдан даласында,
Жанған от, атылған оқ-борасында,
Жатыр бір жас жауынгер жараланып,
Өлім мен өмір көші арасында.

Есіл ер тайсалмаған қалың топтан,
Қайтпаған, қаймықпаған атқан оқтан,
Ерлік пен батырлықтың үлгісіндей,
Ұран сап Отан үшін жауға шапқан.

Сан рет қатты қырған ұрысқа енген,
Ажалдың арпалысын көзбен көрген,
Оқ атып,
ойран салып,
алға ұмтылып,
Өлтіре зұлым жауға соққы берген.

Бұл тағдыр бірде тәтті, бірде қатты,
Сондай-ақ үнемі ұрыс болмас сәтті...
...Сұрқия қорқақ дұшпан қалтарыста —
Тығылып тұрып, оған мылтық атты.

Жазым боп қапылыста, оққа ұшып,
Жығылды ол, етпетінен жерді құшып,

Айыпсыз ақ денеден қан сорғалап,
Езілді ізгі жаны, жүрек қысып.

Жатыр ол,
жанталаспай, еш тіл қатпай,
Иә жасып,
жалбарынып,
мұңын шақпай,
Тек оның адал жанын азаптайды.
Ауыр ой, ыстық сезім дамыл таппай.

Еске алды сүйікті де ұлы Отанды,
Борышты жауынгерлік, ерлік арды,
Жанын жеп жауға кеткен намыс пен кек,
Жүректе өшпенділік оты жанды.

Білмеймін намыс я кек зорлады ма?
Әлде ыстық сұлу сезім қолдады ма?
Кім білсін: снаряд пен мина жауып,
Әлде әрі жатуға жөн болмады ма?

Әйтеуір, бір кезде ол қозғалды да,
Орнынан тұрды қару қолға алды да,
Көрді ол: от пен оқтың арасынан —
Достарын шапқан дұшпан қорғанына.

Жинап ол ақырғы әл, соңғы күшін,
Қабағын қатты түйіп, бұзып түсін,
Қарамай ауыр жара, аққан қанға,
Ұмтылды алға қарай Отан үшін!

БАТЫР ҚЫЗ

Совет Одағының Батыры
Әлия Молдағұловаға

Жалын шашып жанған от
Сонау байтақ Батыста,
Жаңбырдай боп жауған оқ
Қанды майдан, атыста.

Сол атыста жүр бір қыз
Еркектермен аралас,
Қатулы қабақ, кекті жүз,
Өткір көзді, қара шаш.

Бұл жүрген қыз Жанна ма[1]
Жау жарағын сайлаған?
Қан ақса да қапталдан,
Жаудан беті таймаған?

Әлде Василиса[2] батыр ма?
Жауды көрсе жайнаған?
Қайысқан қалың қолымен
Қойдай ғып жауды айдаған?

Әлде даңқты Долорес[3]
Бойда күші қайнаған,
Қанды майдан ішінде
Жай отындай жайнаған?

Жоқ, бұл қыз ол емес,
Бұл — советтік батыр қыз,

---

[1] *Жанна д'Арк* — француздың патриот қызы.
[2] *Василиса Кожина* — 1812 жылғы Отан соғысының партизанкасы.
[3] *Долорес Ибаррури* — испан революционері.

Отаны үшін жауымен
Арпалысып жатыр қыз.

Бір қолында — винтовка,
Бір қолында — гранат,
Талқандаған сан рет
Жау қамалын «Уралап».

Ол өшпенді жауына,
Өлім оғын атады.
Ол атқанда бората,
Жау жайпалып жатады.

Ол жексұрын жауларын
Гранатпен ұрады,
Ол ұрғанда өлтіре,
Дұшпан тобын қырады.

Қыз қайратын көргенде,
Дерсің бейне арыстан,
Жығылмай жау кеткен жоқ
Онымменен алысқан.

Тастар емес қыз қару
Жауды елінен қуғанша,
Қояр емес күресін
Азаттық күн туғанша!

СОЛДАТ САҒЫНЫШЫ

Қайда екен, қайда екен,
Қайда менің жан жарым?
Қазір қандай ойда екен?
Білсем оның арманын!

Осы минут, сағатта
Не істейді екен, сүйіктім?

Әлде ет салып табаққа.
Жамай ма шетін ұйықтың.

Әлде мамық ішінде,
Торғын көрпе тұйықтап,
Көріп мені түсінде,
Жатыр ма екен ұйықтап?

Отыр ма әлде, айдай боп,
Сыбанып ақ білегін?
Сол білектен майдай боп,
Еріген менің жүрегім.

Тұр ма айна алдында
Қолаң шашын таранып?
Осы шаш қой мойныма
Қалған талай оралып.

Кім біледі, әлде ол
Жүр ме қырман басында?
Беріп жедел жәрдем ол,
Отыр ма ауру қасында?

Қайда екен, қайда екен,
Қайда менің жан жарым?
Қазір қандай ойда екен?
Білсем оның арманын!..

ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНА

Хат жазамын,
Хабар беріп,
Достым, сізге қалам қолға ап,
Жалынды һәм жауынгерлік
Жас жүректен сәлем жолдап.
Бұрын біліп,

Досқа санап,
Көрмесем де өзіңізді,
Сізді ұнаттым, жанға балап —
Сүйдім сұлу сөзіңізді.
Жүрсемдағы қанды майдан —
Арасында атылған оқ,
Шығармай еш сізді ойдан,
Естен әсте тастағам жоқ.
Бітіп дүлей соғыс даулы,
Басылса ұрыс,
Қалсам аман,
Кезіп туған қазақ аулын,
Достым, сізді іздеп табам.
Егер жетіп қатал жаза,
Солсам семіп күзгі гүлдей,
Мені адал досқа сана,
Ал есіңе, күдер үзбей!
Қош бол, достым,
Ұрысқа енер —
Міне маған жетті уақыт,
Біл: бізге тек күрес берер:
Азаттық пен жеңіс, бақыт!

ҚАВКАЗҒА ХАТ

Сәлем саған, Фатима,
Әдейі арнап хат жазған,
Майданға, менің атыма,
Күн сәулелі Қавказдан.

Сіздің сырлы хатыңыз
Маған өте қымбатты,
Жүрегіме салып із,
Сәуле септі, нұр жақты.

Сөзіңізді оқып мен,
Жеткендей болдым тілекке,

Бойға — қуат, ойға — дем,
Берді жігер жүрекке.

Қалтамда хатың сақтаулы,
Оңашада көз салам,
Көз салам да Қавказды
Және сізді еске алам.

Мен болғам жоқ Қавказда
Және сізді көрмедім,
Көз алдымда сонда да,
Елестейсің сен менің.

ТУҒАН ЕЛГЕ

Жүрсем де кең дүниенің қай жағында,
Мейлі фин,
мейлі мадьяр аймағында,
Шығармай түнде түстен, күндіз естен,
Туған ел, тек бір сенсің ойларым да!

Польшаның ұлан-байтақ даласында,
Өзге өлке, шет ел, жат жұрт арасында,
Жүрсем де тар жол, тайғақ, тар кешуде,
Туған ел, сен есімнен қаласың ба?

Қар басқан кәрі Қарпат асқарында,
Биік шың, жақпарлы жартастарында,
Жүрсем де мұз төсеніп, қар жастанып,
Туған ел, сені есімнен тастармын ба?!

Дунайдың ұшқыр ағын, жүйрік сеңі,
Жойқын сел,
асау толқын,
дүлей желі —
Ішінде қасірет тартып, қайғы артсам да,
Туған ел, тастамаймын естен сені!

Ішінде әскери сап, қалың қолда,
Аттаныс,
алыс сапар,
ауыр жолда —
Жүрсем де қилы-қилы жорықтарда,
Туған ел, сақтаймын мен сені ойда.

Сұрапыл қатты қырғын, қанды майдан —
Ішінде,
оқпен жауға салып ойран
Жүргенде жауды жойып, алға ұмтылып,
Туған ел, тастамаймын сені ойдан.

Соғыста ұлы Отан тағдырын шешкен,
Майданда қанжығадан қанды кешкен.
Жатсам да жазым болып, жан алқымда,
Туған ел, шығармаспын сені естен!

ЖАУЫНГЕР ЖАУАБЫ

Бітті соғыс.
Тынды айқас.
Басылды майдан дабылы.
Қайтты жігіт еліне,
Қарсы алды туған ауылы.

Сәлемнен соң жұрт оған:
— Айтшы,— деді — жігітім,
Жаумен қалай алыстың?
Ақтадың ба ел үмітін?

Жігіт жауап қатпады.
Тек түймесін ағытты:
...Төстегі орден, медальдар
Батырлығын танытты.

МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ

Асынып алмас қылыш, ұстап мылтық,
Аралап дүниені, кездім әлем.
Батыста — чех иіліп, тағзым етіп,
Шығыста — моңғол маған берді сәлем.

Батыста поляк қызы дос деп санап,
Қарады күлімсіреп махаббатпен,
Шығыста — корей жігіт тосып шарап,
Қарсы алды мейірбандық, шапағатпен.

Мерейім үстем болып, асып бағам,
Жеңіспен қайттым елге, жауды жеңіп,
Қарсы алды құшақ жайып қазақ-анам,
Сапырып сары қымыз, етін беріп.

Барсам да қайда,
ылғи құрмет таптым,
Көрмедім еш адамнан түрткі-қыспақ,
Өйткені мен құлдыққа қарсы шаптым,
Азаттық,
әділеттік туын ұстап!

ҰМЫТҚАМ ЖОҚ, ӘЛІ ЕСІМДЕ

Ұмытқам жоқ, әлі есімде
Сталинград майданы,
Батыр қала іргесінде
Шыққаны жаудың ойраны.

Сол сұрапыл қанды ұрыста
Түн түндігі түрілген,
Күн күлімдеп Күншығыстан,
Таң шапағы білінген.

Сол сұрапыл қанды ұрыста
Біздің ерлік танылған,
Әрбір көше, әр бұрышта
Жеңіс дабылы қағылған.

Омырауды оққа төсеп,
Мен де оған қатысқам,
Тас көшесін еттім төсек,
Менен де аққан қасық қан.

Ұмытқам жоқ, әлі есімде
Сталинград майданы,
Сары медаль тұр төсімде —
Сол жеңістің айғағы!

ЕҢБЕКПЕН НӘРЛЕП ӨМІРДІ...

БЕСЖЫЛДЫҚТЫҢ ПЕРЗЕНТІ

Анадайдан көзді тартып,
Тұр бір завод зәулім биік,
Бұйра түтін көкке шалқып,
Көк мұржасы бұлтқа тиіп.

Қен-қазына — темір, мырыш
Түсіп оның елегіне,
Ағады,
елге болып ырыс,
Жарап Отан керегіне.

Тың төсінде туған жаңа
Бесжылдықтың перзенті ол,
Құрыш қолмен қатарлана
Қаланды да ер жетті ол.

ОЛ КІРГЕНДЕ ЛАВАҒА

Ленин орденді кенші
Әбдіраман Бөгеевке

Ол кіргенде лаваға,
Шахта ішіне жан біткен,
Қимыл кіріп науаға,
Моторларға ән біткен.

Ол кіргенде лаваға,
Асқан қайрат, сеніммен,
Дала айналып қалаға,
Тау орнаған көмірден.

Қала алмаймын толғанбай,
Қараған сайын көмірге,
Жалын беріп тұрғандай
Біздің байтақ өңірге.

ЖЫЛҚЫШЫ

Соқса да боран, бұрқасын,
Бой бермей, тастай қарысып,
Іздемей пана, ықтасын,
Өткіздің түнді алысып.

Ұрғанда таң алдында —
Сабалап өкпек бүйірден,
Ойысып отты шалғынға,
Жөнелдің тағы үйірмен.

Енді елге бұрып бетіңді,
Қасқая қапсың бұрыштан,
Қарт генерал секілді
Жеңіспен қайтқан ұрыстан!

ШОПАН

Жаңа туған жас лақ
Дегендей-ақ тоңады,
Өз үстінен шешіп ап,
Шапанына орады.

Қиығымен көзінің
Сүйсіне бір қарады,
Сәбиіндей өзінің
Көтеріп алып барады.

АГРОНОМ

Ұясына кіріп күн,
Қас қарайып, болды ымырт.
Кең залында клубтың
Колхоздағы толы жұрт.

Тұрды төрде бір аға
Қара костюм киінген,
Атлас көйлек,
ақ жаға,
Көк галстук түйілген.

Омырауда ордені
Нұрланып Ильич шамымен.
Тұрды сөйлеп ол нені,
Әлденені бабымен.

Айтты Дарвин, Мичурин
Ғылымының табысын,
Дән өсірген не шырын
Мальцевтердің әдісін.
Бұл кім екен?
Оны мен

Астанада көргем бе?
Танысқалы елімен
Профессор келген бе?

Әлгі адамның есімін —
Білу болып арманым,
Қасымдағы көршіме
Дедім:
— Мынау қай ғалым?

Көршім менің бетіме
Қарады да таңданып,
Деді:
— Осы колхоздың
Агрономы Әлжанов!

ҚЫЗЫЛ КЕРУЕН

Келеді керуен, келеді,
Келеді жолмен шұбалып,
Аттары бүл-бүлк желеді,
Арбасы толқып, ырғалып.

Қараймын мен қадалып,
Бұл не қылған керуен деп
Жүргендер ме дем алып,
Жазда еркін серуендеп.

Әлде көшкен ел ме екен,
Басып өткен даланы?
Іздегені көл ме екен,
Жайлы қоныс, қоғалы?

Ойнап дала желімен,
Өтті зулап қасымнан,
Қарасам: қызыл керуен —
Алтын астық тасыған.

Жолың болсын, тарта бер,
Алтын дән — қызыл керуен!
Байлық, дәулет арта бер,
Көркеймек елім сенімен!

МҰҒАЛІМ

Мұғалім — ұстазысың балалардың,
Болашақ ғалымдардың,
даналардың...
Өмірде сенің алар орыныңды
Бірі де жеткізе алмас бағалардың.

Өткізіп өз алдыңнан талай бала,
Бойына құйдың ақыл,
ой мен сана.
Сарп етіп сан жылдық еңбегіңді
Ақылшы,
тәрбиеші,
болдың аға.

Атағым Алатаудай болып биік,
Тұрса да төбем өсіп,
көкке тиіп,
Алдыңда әрқашан да тағзым етіп,
Тұрармын:
«Ұстазым» деп,
басымды иіп.

НЕТКЕН ҚИЫН ІС ЕДІ?!

Бірге шығып жиыннан,
Қатар кетіп барамыз,
Жол таба алмай қиыннан,
Алшақ әзір арамыз.

Тілдесуге өзімен
Бармай бірден батылым,
Айналдырам сөзіммен
Құрбыларын, жақынын...

Әңгімеме құлақ сап,
Езу тартса сөзіме,
Іске асқандай бір мақсат
Көрінеді көзіме.

Күнде барып, бос қайту
Құртты әбден місені.
Сүйген қызға сөз айту —
Неткен қиын іс еді?!

ҚАЙДА ЖҮРСІҢ, ЖҰЛДЫЗЫМ?

Қайда жүрсің, ақ ерке,
Жаным сүйген арайлым?
Көңіл шіркін әлі ерке,
Суретіңе қараймын.
Гүл-гүл жайнап нұр жүзің,
Қайда жүрсің, жұлдызым?

Жылдар жылжып барады,
Алыс қалды өткен күн,
Бірақ есте қалады
Сол бір күні көктемнің.
Гүл-гүл жайнап нұр жүзің,
Қайда жүрсің, жұлдызым?

Күтем, күтем, амал жоқ,
Қайта оралар кезінді,
Бірақ сенен хабар жоқ,
Сағындым ғой өзіңді.
Гүл-гүл жайнап нұр жүзің,
Қайда жүрсің, жұлдызым?

ЖАС ЖҰБАЙЛАРҒА

(Үйлену тойында оқылған өлең)

Еркінге

Сен туғанда бір жиналып,
Той жасадық қуанып,
Жүгірістік табақ алып,
Шашу алып, гүл алып,
Сен де өстің инабатты,
тәртіпті боп, білім ап.
Біз де жүрдік іштей соған
сүйсініп һәм жұбанып.

Енді бүгін жігіт болып,
екеу болдың, үйленіп,
Отау тігіп, семья құрып,
Жас жұбайлық күйге еніп.
Оңай болар — үйленуің,
бірақ қиын — үй болу!
Ойла соны,
Жүрме кейін жарың, балаң —
бәрінен де жиреніп.

Айтатыным: аялай біл,
бағалай біл жарыңды,
Аяма одан қолдан келген
жақсылығың, барыңды.

Ол да жауап қайтарады
сенің ізгі ісіңе,
Кейде жарың көтереді
абыройыңды, бағыңды.

Раушанға

Ал Раушаным, құтты болсын,
Мықты болсын қадамың!
Сәтті болсын, тәтті болсын,
таңдап тапқан адамың!
Оңай емес — жатқа келіп,
жақын болу, жарасу,
Ақ тілеуің алға бассын,
бақытты бол, қарағым!

Енді айтарым: адамдыққа,
махаббатқа берік бол,
Жұбайыңа қамқоршы бол,
жәрдемші бол, серік бол.
Деген бар ғой: «Құт кіреді
аяғымен келіннің...»,
Осы үйге бақыт боп кір,
ырыс боп кір, көрік бол!

МАХАББАТТЫ ҚАДІРЛЕЙ БІЛ!

Айлардан соң айлар аттап,
Өтседағы жылдан соң жыл,
Адал және таза сақтап,
Махаббатты қадірлей біл!

Махаббат — тек емес серуен
Алма бағы аясында,
Я күрсіну кеуде керген,
Орындықта, жар қасында.

Махаббат — бұл адал, таза.
Қасиетті, қымбатты зат,
Жүрек сөнбей сөнбес о да,
Баспайды тот, жұқпайды дат.

Жүрексіз жан өмір сүрмей,
Махаббатсыз болса аңға тең.
Екеуінің құны бірдей,
Бір-бірінен еш емес кем.

Махаббатты жүрекпен бір
Адал және таза сақтап,
Қасиеттей, қадірлей біл
Келгеніншe ақырғы шақ.

АЙЛАР СЫРЫ

Наурыз — март

Ерітіп қарын даланың,
Жайнатып жүзін лаланың,
Жетелеп жұмсақ самалын,
Келді Наурыз — Март айы!

Күлімдеп қарап күміс Күн,
Аспанын бүркеп пүліш түн,
Ұлы күні ұлыстың —
Келді Наурыз — Март айы!

Көгіме күнін өрлетіп,
Ешкі мен қойын төлдетіп.
Қаймақ пен сүтін көлдетіп,
Келді Наурыз — Март айы!

Теңеліп түн мен күндізі,
Ымдасып Ай мен Жұлдызы,

Жайраңдап елдің ұл-қызы,
Келді Наурыз — Март айы!

Көкек — апрель

Күлімдеп күні,
нұр шашып,
Құлпырып жері,
гүл басып,
Желпініп желі,
қырды асып,
Келді Көкек — Апрель!

Қаздары көлде қаңқылдап,
Үйрегі суда сампылдап,
Нажағай ойнап,
жарқылдап.
Келді Көкек — Апрель!

Сүйретіп тырма,
соқасын,
Тілгілеп Жердің жотасын,
Ойнатып құлын,
ботасын,
Келді Көкек — Апрель!

Патшаны тақтан жұлдырған,
Байларды елден қудырған,
Лениндей көсем тудырған,
Келді Көкек — Апрель!

Маусым — июнь

Көтеріп Күнді,
ұзартып,
Тежелеп түнді,
қысқартып,

Түлетіп қырды,
қызартып,
Келді Маусым — жаз басы.

Көгенде — төлі маңырап,
Қотанда — қойы жамырап,
Өрісте — малы қоңданып,
Келді Маусым — жаз басы.

Оқуды бітіп,
балалар —
Ұйқысы қанып,
дем алар,
Көл бойлап,
өзен жағалар,
Келді Маусым — жаз басы!

Шілде-июль

Қыздырып күнін,
қайнатып,
Құлпыртып гүлін,
жайнатып,
Орманда құсын сайратып,
Келді Шілде — Июлің.

Желіге құлын байлатып,
Пішенге шалғы қайратып,
Орақка елді сайлатып,
Келді Шілде — Июлің.

Көтеріп лагерь жалауын,
Лаулатып костер алауын,
Думаны қызып даланың,
Келді Шілде — Июлің,

Сай-салада көбелек,
Ызыңдап сона,
бөгелек,
Ұшатұғын жебелеп,
Келді Шілде — Июлің.

Ақырап — Октябрь

Сұрғылттанып көк аспан,
Қуқыл тартты топырақ.
Күзіне күзі жалғасқан —
Келді Октябрь — Ақырап!

Шөптің түсі бозарып,
Сарғайды жас жапырақ,
Бар ырысты өзі алып,
Келді Октябрь — Ақырап!

Төбе толып жұлдызға
Нұрға шомды атырап,
Бақыт беріп ұл-қызға
Келді Октябрь — Ақырап...

КӨҢІЛДЕ ЖҮРГЕН КЕЙ ОЙЛАР...

БӘРІНЕН ДЕ ЖОҒАРЫ

Ақиқатын айтсаң сен,
Кейде анаң да жек көрер,
Бойынан мін тапсаң сен,
Кейде атаң да кек көрер.

Мінезіне мін тақсаң,
Жар да саған өкпелер,
Істеріне сын тақсаң,
Дос та суып, кектенер.

Бірақ солай екен деп,
Айтпай қойма турасын,
Жағымпаздық етем деп,
Жалғанға бет бұрма, сен!

Ақиқат сөз, әділ іс —
Бәрінен де жоғары,
Оған қарсы келер күш
Дүниеде жоқ әлі!

ӨНЕР

Рас, құмар даңққа
Кейбір қалам егесі,
«Қалам,— деген,— тарихта»
Бар ептеген дәмесі.

Әйтсе-дағы бар ақын
Айта алмаймын солай деп,
Олай деуге жоқ хақым,
Арамза ойлар солай тек.

Жазбайды ақын өленді,
«Қалайын,— деп,— тарихта».
Бүгіп қалу өнерді —
Қиянат қой халыққа!

ЕҢБЕК

Өмір — бір түпсіз теңіз жатқан шалқып,
Секілді батыстағы байтақ Балтық,
Адамзат бетіндегі қайық сынды,
Түбіне батпау үшін жүзген малтып.
Ескегін ерсіл-қарсыл еседі адам,
Бергенше бойындағы күшін сарқып.
Ақыры демің бітіп шаршағанда,
Кетеді теңіз терең түпке тартып.

Батқанмен өзің, елге еткен еңбек —
Қалмақшы су бетінде мәңгі қалқып.
Ел үшін еткен еңбек есіміңді
Әлемге әйгі етіп, жаймақ жар қып.
Жан шықпақ, қан суалмақ, тән қуармақ,
Ал, еңбек бәрінен де жасар артық.

КІТАП

Кітап!
Ол — адамзаттың жақын досы,
Келмейді кітапты ашпай көңіл хошы,
Ел мұңы,
өмір сыры,
ақын жыры —
Басылған таңба болып кітапқа осы.

Сөйлесіп өзіңменен тіл қатады,
Еріксіз сөзін жұртқа тыңдатады,
Жеткізіп өткендердің өсиетін,
Шешіліп кейде достай сырласады.

Ақылдың сөнбейтұғын шам-шырағы,
Білімнің сарқылмайтын бал-бұлағы.
Ашқанда ақ жүзіңді
өткен күн мен
Келер күн көз алдымда кеп тұрады.

ШАБЫТ

Оңашада,
аулақта
Отыр ақын ойланып,
Көз жіберіп жан-жаққа,
Қырандай қанат қомданып.

Тебіренер,
толғанар
Жырға бұлақ — көз іздеп,
Қиналар да зорланар
Ырғақ,
ұйқас,
сөз іздеп.

Кезеді кең даланы
Қанатты ұшқыр қиялы,
Шарлап қырды,
қаланы,
Өрлейді өр-қияны.

Үңілмесе өмірге,
Сүңгімесе тереңге —
Келмес шабыт көңілге,
Тумас жақсы өлең де!

МАНСАП

Мансап — биік бір жартас,
Айтқанындай Абайдың,
Көз қиығын кім салмас,
Нысанасы ол талайдың.

Біреулер самғап қыранша,
Басына оның тез келер,
Біреулер жылжып жыланша,
Жер бауырлап, өрмелер.

Өркендеп, өрлеп
өсіңіз,
Болған соң жалпы мақсат сол.
Достым,
сізден өтініш:
Болма, бірақ, мансапқор!

Демейміз:
Тұр орында!
Талпынба,
алға тырмыспа,
Мансапқа жету жолында
Ұрынба бірақ қылмысқа!

АСҚАНҒА — ТОСҚАН

Жігітім,
айтпа ешуақта
Өткелден аман өттім деп,
Алыста,
Айдай мақсатқа
Шүбәсіз,
сөзсіз жеттім деп.

Жетсең де қандай табысқа,
Тасыма,
аспа,
мастанба!
Шықса да сонау ғарышқа,
Жолығар асқан тосқанға!

БҰРАЛҚЫ

Ертеде,
ескі ауылда
Бір бұралқы ит боп еді.
Еркелетер,
есіркер
Иесі оның жоқ еді.

Жүретұғын тіміскіп
Күресінді көрінген,
Жерді іздейтін тентіреп,
Сорпа-суан төгілген.

Жалтақтайтын жан-жаққа,
Жаттап тілеп несібін,
Сүйек аңдып,
әр үйдің —
Сығалайтын есігін.

Отаны жоқ,
елі жоқ
Көрсем космополитті,
Еріксіз еске түсірем
Бұралқы,
кезбе сол итті.

ҚОРҚАҚ

Қорқақ жанның қолынан
Еш нәрсе де келмейді.
Оның бар яки жоғынан
Өмір өзгермейді.

Қорқақ адам жарамас
Қимылға да, ерлікке,
Ол бір жүрген арам ас
Кеңістікте, кендікте.

КЕЙБІР КІСІ АТТАРЫ

(Әзіл)

Жаманқұл мен Қабанқұл,
Қиқымбай мен Сиқымбай —
Деп атапты туса ұл,
Кейбіреулер қымсынбай.

Ұлбосын мен Ұлтуған,
Ұмсын, Тұрсын, Дәметкен —

Деп атапты қыз туса,
Біреулер ескі әдетпен.

Бұзып қойып кей ақын
Кейіпкердің есімін,
Түзетуге кісі атын
Тигізді ол да кесірін.

Итбай, Қитбай, Малбағар,
Аткелтір мен Қозыбақ,
Апақ, Шатақ, Таусоғар,
Қаптап кетті Қозы, Лақ.

Хұқыңызға қол сұқсам,
Етерсіз дос, кешірім,
Бірақ, ұл не қыз тусаң,
Жөндеп қой тек есімін!

АҚЫН ТӘУЕКЕЛІ

Соны пікір айтудан
Кейбір ақын қорқады.
Сондықтан да, ей туған,
Қаламының шорқағы.

«Кетем бе,— деп,— сүрініп»,
Шаппайды, баяу жортады.
Шықпайды алға жұлынып,
Тізгінін тежеп тартады.

Жарайды, сен-ақ бара бер
Аяңыңмен «шу-шулеп»,
Қайда, достым, қалам бер,
Көрейін бір мен гулеп.

Ой тұсауын ағытып,
Қағайын қиял делбесін,

Соны пікір, соны жыр
Дүниені кернесін!

Әдейілеп алайын
Тақырыптың «ауырын»,
Соқтырып бір қарайын
Поэзия дауылын!

Ақындықтың жолында
Жол таба алмай төтеннен,
Қиналған болсам, соңымда —
Үйренер менің қатемнен...

КЕЛМЕЙДІ ҚІМДЕР ҚАЛПЫНА?!

(Сегізаяқ)

Балалық кезде,
Елестеп көзге,
Ғажайып ерлік, батырлық,
Ескермей күшті,
Етпекпін істі
Тарихқа тұзы татырлық.
Балалық балғын кезінде,
Берілмес кімдер сезімге!?

Қол бұлғап алдан,
Ғажайып арман
Шақырды арбап жас жанды.
Қанатты қомдап,
Қияны шарлап,
Жөнелдім кезіп аспанды.
Балалық, жастық шағында,
Салынбас кімдер ағымға!?

Қауырсын қанат
Емес қой болат,
Шаршамақ, талмақ, алайда.

Ұрылып тасқа,
Былғанып ласқа,
Жығылма жерге қалайда!
Салынса темір талқыға,
Келмейді кімдер қалпына?

ӘЛЕМДЕ ТАЛАЙ ТАҒДЫР БАР...

1. ПАРИЖ КӨШЕСІНДЕ

Неміс фашистері қанша айдап салса да, Француз патриоттарының Совет Одағына қарсы соғысқысы келмейді.
(1942 жылғы газеттен)

Париж. Эйфель алаңы.
Жиналған қала адамы.
Сөйлеп тұр шешен мінбеде,
Жаңғыртып бүкіл ауаны.

— Жастарды айдап ұрысқа,
Қарттарды айдап жұмысқа,
Отырғаны фашистің
Ойландаршы, дұрыс па?

— Жоқ,
— Жатпайды бұл дұрысқа,
— Жатпаса егер дұрысқа,
Барма, жастар, ұрысқа!
Барма, қарттар, жұмысқа!

Жасқанбай қамау, соттан да,
Тайсалмай дардан, оқтан да,
Ұлдары Марат елінің[1].
Келді осы тоқтамға!

---

[1] Жан Поль Марат — француз революционері.

2. ҮНДІСТАН ҰРАНЫ

(М. Гандидің аузынан)

Үндістан отаншылдары ағылшын отаршылдарына қарсы ерлік күреске аттанды. Бұл күресті Махамта Ганди бастады.

(1948 жылғы газеттен)

О, Үндістан, ұлысың,
Ұлылығың құрысын!
Құрысын демей қайтейін,
Ағылшынның құлысың!
Ғасыр бойы қаналып,
Тарылуда тынысың,
Тайып бақыт басыңнан,
Кетті қолдан ырысың.

* * *

О, Үндістан, ұлысың,
Ұлы өлкенің бірісің,
Жалпағынан басыпсың
Дүниенің Шығысын.
Есептесең ерен көп
Шығысыңнан кірісің.
Бір өзіңе жетерлік
Бақыт, байлық, ырысың.

* * *

О, Үндістан, ұлысың,
Туды бүгін ұлы сын!
Оят, тұрғыз ұйқыдан
Ұлдарыңның тірісін!

Отаршылдық бұғауы
Қиратылсын, үзілсін,
Қанаушылық қамалы
Талқандалсын, бұзылсын.

3. АШТЫҚ АЛАҢЫ

«Нью-Йорк пост» газетінің хабарына қарағанда, қазір АҚШ-та жұмыссыздардың саны 5 миллионнан асады.

(1950 жылғы газеттен)

Тарады жұлдыз. Ай батты.
Түрілді түннің көрпесі.
Нұрына бөлеп жан-жақты,
Шықты Күн — әлем еркесі.

Жерлестерім сол сәтте
Аттанысты жұмысқа:
Бірі — кеңсе, мектепке,
Бірі — завод, құрылысқа.

Түсті сонда ойыма:
АҚШ... Аштық алаңдар...
Сыймай көше бойына,
Жұмыссыз жүрген адамдар

БҰЛ — ЛЕНИН БАБАМЫЗ

Үйімізде,
төрімізде
Портретте тұрған кім?
Кімнің жүзі таныс бізге,
Бізге жақын, туған кім?

Бұл — Ленин бабамыз,
Бұл — Ленин данамыз!

Бар баланы бауыр басып,
Сонша жақсы көрген кім?
Барлық жерден мектеп ашып,
Бақша салып берген кім?

Бұл — Ленин бабамыз,
Бұл — Ленин данамыз!

Туған елге шат замана
Туады деп сенген кім?
Елімізде бар балаға
Бақытты өмір берген кім?

Бұл — Ленин бабамыз,
Бұл — Ленин данамыз!

ОТАНЫМ МЕНІҢ

Көп аузынан түспейтін
Отан деген немене?
Оның тұлға, түс-кейпін,
Достым, білгің келе ме?

Отан деген ұлы сөз,
Басталады кішіден,
Барлық жерде, әрбір кез
Кездесер ол кісімен.

Отан — сенің ата-анаң,
Отан — досың, бауырың,
Отан — өлкең, астанаң,
Отан — аудан, ауылың.

Отан — тарих,
Отан — тіл,
Жасаған елің, ер халқың,
Отан — өлең,
Отан — жыр,
Көтерген көкке ел даңқын.

Өз үйіңнен басталып
Отаныңның іргесі,
Мұз мұхитпен астасып,
Памирменен тілдесер.

Отан осы, достарым,
Көңілге мұны түйе біл!
«Отан» деп өс, жас қауым,
Оны ардақтап, сүйе біл!

КРЕМЛЬ ЖҰЛДЫЗЫ

Күндей күліп Кремльден
Қызыл жұлдыз қарайды,
Оның жарқын, нұрлы өңінен
Алтын сәуле тарайды.

Осы жұлдыз сәбилерге
Бақыт нұрын төгеді,

Аялайды, әлдилейді,
Беттерінен өбеді.

Осы жұлдыз жас жандарды
Бөлеп шаттық нұрына,
Жайнасын деп аспан мәңгі,
Бастайды өмір шыңына.

Жарқырасын, жайнай берсін
Ұлы өмірдің жұлдызы!
Сол өмірдің гүлі — сенсің,
Отанымның ұл-қызы!

МЕЙРАМДАРДЫҢ ҰЛЫСЫ

Бүгін — мейрам, бүгін — той,
Бүгін — Ұлы Октябрь!
Бүгін басқа істі қой,
Салтанатты сапқа тұр!

Бүгін — тудың астында,
Жұрт көшеде ағылған,
Кәрінің де, жастың да
Жүзі нұрға малынған.

Көшеде жүр қуанып,
Сырым, Назым, Жанат та.
Қолға қызыл ту алып,
Асық сен де парадқа!

Бүгін — бар жұрт сапта жүр,
Үйінде жоқ бірісі,
Өйткені Ұлы Октябрь —
Мейрамдардың ұлысы!

АЙЖАН МЕН ТОҒЖАН

Айжан айтты:
— Білемін мен барлығын,
Космостың кең, атомдардың тарлығын.
Тоғжан айтты:
— Білген деген жақсы ғой,
Қандай қиын — болса адамда тапшы ой.

Бірақ кейде білгеніңнен пайда жоқ,
Болмаса егер еңбек, әдіс, айла көп.

Екеуі айтты ортақ ойды бірігіп:
— Азаматтық, адамдық та — ірілік!

ҰСТАЗДАР ҮНІ

АЛДАСА ЕГЕР СЕНІ ӨМІР

(А. С. Пушкиннен)

Алдаса егер сені өмір,
Қапаланба, қайғырма!
Қаралы күнде-төзе біл!
Илан, шаттық алдында!

Күтеді жүрек ертеңді,
Қазіргі шақ-қаяулы.
Баянсыз бәрі, өтеді,
Не өтсе, сол аяулы!

* * *

Бақытты сол-кім өзін
Қорқынышсыз билесе.
Кімді бұлдыр тағдырға
Буалдыр үміт сүйресе.

Кімге түнде күңгірт ай
Тұманды сәуле шашса егер,
Кімге сенген алтын кілт
Есігін әсем ашса егер.

Бұл қасіретті өмірде
Жоқ қуаныш, жоқ ләззат.
Үміт гүлі солды ерте,
Өмір гүлі тартты азап.

Қайғымен өтті жастық шақ,
Сеземін қарттық ызғарын.
Ұмытса да махаббат,
Ұмытпан оның мұң-зарын!

МЕН СІЗДІ СҮЙІП ЕДІМ...

Мен сізді сүйіп едім; сүю
бәлкім,
Сақталар жүрегімде, тартпас
салқын.
Бірақ ол мазаңызды алмас
сіздің,
Келмейді көңліңізге қаяу
салғым.
Әрі үнсіз, әрі үмітсіз сүйген
жанмын,
Жасқаншақ, қызғаншақтық
тартқан зарын.

Сүйікті етсін сізді басқаларға
Менің сол сүюімді беріп
тәңірім...

1829

АЛЬБОМҒА

Қуылып Москвадан алыс
жаққа —
Кетсем де, жазықты боп
тағдыр-хаққа,
Сіз туып-өскен жерді еске
аламын,
Сарғайып сағыныштан күйген
шақта.
Мазам жоқ у-шуынан
астананың,
Ашылған емес әсте қас-
қабағым.
Тек сіздің жалғыз ғана
есіміңіз
Арқылы Москваны еске
аламын.

1832

ҚАРТ

Баяғыдай енді менде жалын
жоқ,
Таңқалғандай көз салған жан
жүзіме.
Көктем күнім, жастық жазым
ғайып боп —
Өтті мәңгі, қалмады бір ізі
де.

О, тәңірім, жастық шақты
жасаған,
Сенің адал ессіз құлың
болдым мен,
Уа, дариға, туа қалсам
қайтадан,—
Саған тағы сондай қызмет
етер ме ем?!

ЖАУАП

(М. Ю. Лермонтовтан)

Кімде-кім тартып азапты,
Жасытса жастық жігерін,
Қорқыныш, үміт ләззаты
Тебірентпес оның жүрегін.

Түкпірін сүйер жалғанның,
Тамбайды қайтып көз жасы.
Жеміссіз, бос арманның
Азығы болмас жолдасы.

Айрылған барлық сезімнен;
Жай түскен бейне бір томар,
Қалмаған еш із өмірден,
Жанар да сөнер, күл болар.

Нәр алмас бұтақ енді онан,—
Таңбасын тағдыр басты оған.

* * *

Тағзым қып, сәлем бердік, оңаша арал,
Бір кезде Наполеон ауып барған.
Өз елін алыстағы тамашалап,
Жағада ауыр оймен есіне алған.

Теңіз ұлы, теңізден болды молаң,
Міне, осы сенен алған жұрттың кегі.
Өтеуге ақтық күнін ұлы адам
Ақыры жарамады-ау азған елі!

Кетті ол опасыздық құрбаны боп,
Келеке етті тағы тағдыр-сынап.
Жан еді ол бабасы жоқ, ұрпағы жоқ,
Өлді ол, жеңілді ол, батыр бірақ.

Тағдырдың ойыншығы болып туды,
Дауылдың өтті ағып қанатында,
Дүниеге жат жан еді ол, әрі сырлы —
Шыққан күн, құлдыраған сағаты да.

* * *

Жыла, жыла, Израильдың ұрпағы!
Бақ жұлдызың басындағы жоғалды.
Екі талай оның қайтып тумағы,
Жердің жүзін басты түнек қараңғы.

Ең болмаса араңызда біреу бар
Сол жұлдызбен бірге бәрін жоғалтқан.
Болып соған ессіз-түссіз ынтызар,
Соның нұрын іздеген шар-тараптан.

ӨЛЕҢ МЕН ЕҢБЕК

(И. Франкодан)

Өлең — менің жан жолдасым, сырласым.
Қиын күнде жүрегіме жұбаныш.
Ата-анамнан қалған менің мирасым,
Өлеңімде — махаббат та қуаныш.

Әлі есімде: жас сәбиін тербетіп,
Анам байғұс шырқап әнге басатын,
Тек сол өлең — өмірімнің көркі еді,
Тек сол өлең — көңіл кірін ашатын.

«Ганнусянің, Шумильцтің, Венканың —
Айтшы әнін, ана»,— деймін жалынып,
«Жетер, балам, айтып елдің ерке әнін —
Тауыспаспыз, тұр ғой жұмыс сағынып».

Ажалыңнан бұрын сені, анашым,
Бейнет, науқас көрге сүйреп апарды,
Бірақ сенің жырларыңнан таза, шын,
Жас жүрегім мәңгі өшпес от алды.

Кешкен шақта бастан тұрмыс әлегін,
Осы өлең қасымызға сан келді,
Жолдағандай бейне ана сәлемін,
Ауыр жолда қуат берді, әл берді.

«Табанды бол, қажырлы бол, шаршама,—
Дедің,— ұлым, бар алдыңда нелер сын,
Еңбек менің бар күшімді алса да,
Бірақ сені адам етер, көрерсің».

Рас, ана, айтқан сөзің көңілде,
Көрдім өзім сан рет оның шындығын,
Еңбек мені құштар етті өмірге,
Нұсқады жол, түріп қиял түндігін.

Еңбек ашты маған ғасыр сырларын,
Әкелді жыр бұлағына ол мені,
Сол білгізді бар сұмдықтың жұмбағын,
Сол танытты — кереметті жердегі.

Өлең, еңбек — міне екі алып күш,
Екеуіне қызмет істе, құр жатпа!

Өзің өліп, басың құрап, көрге түс,
Сол екеуі керек келер ұрпаққа!

ЕСТІСЕҢ ЕГЕР ТҮНДЕ...

Естісең егер түнде терезеден,
Біреудің өксіп-өксіп жылағанын,
Қалқашым, алаңдамай ұйықтай бер сен,
Ол жаққа қарап, кім деп сұрамағын.

Кезбе емес ойлаған ол тағдыр ісін,
Тарыққан кедей де емес аш-жалаңаш,
Бұл — менің саған деген сағынышым,
Бұл — менің көз жасым ғой қан аралас.

БІР БАНДУРИСКЕ

(И. Манжурадан)

Жырлама, достым, сен маған
Шерлі украин жырларын,
Еске түсер, қозғалар
Менің ескі мұң-зарым.

Еске салар өлеңің,
Ұлы украин даласын,
Долы Днепр өзенін,
Жасыл алқап жағасын.

Ашық аспан, айлы кеш,
Жарқыраған жұлдызың,
Жаудыр көзді жас бикеш
Жаңа өспірім бір қызың...

Өлеңің еске түсірер
Сол бір шырын күнімді.

Қасірет уын іштірер,
Қозғар ескі мұңымды.

Жырлама, достым, сен маған
Шерлі украин жырларын.
Еске түсер, қозғалар
Менің ескі мұң-зарым.

САҚТЫҚ МАРШЫ

(В. В. Маяковскийден)

Байқа,
жолдас,
бол қырағы!
Көздеріңді аш кеңірек!
Британның ақымағы,
Елімізге күш көрсетпек.
Болма,
жолдас,
Бейқам,
ынжық!
Ұста,
жолдас,
Қаруды
нық!
Тақылдатып Аркосовты[1],
Зәрені алмақ айғайымен,
Бейбіт күнге бермек соққы,
Сом темірдей маңдайымен.
Мұндайлармен,
Ей, жолдас,
Бола алмайсың
дәм-тұздас.

[1] Англия мен Совет Одағы арасындағы сауда қоғамы.

Жолдас,
сен ұмытпа!
Қаруды
нық ұста!
Ағылшынның,
төрелердің
Тасасына бұғып алып,
Естіледі төбеттердің
Үрген үні шабаланып.
Тағы
жаңа Врангельдің
Ашылыпты араны анық.
Байқа,
жолдас,
әрдайым
Бұл бұзық үрісті,
Суыруға тұр дайын
Қынаптан —
қылышты!

Жүрміз жаңа өмір құрып,
Дәнге толы
кең даламыз
«Бейбітшілік һәм тыныштық»
Деп әлемге жар саламыз
Бірақ біздер
керек болса,
Қару алып қолымызға,
Елді қорғап қала аламыз.
Жолдас,
бізді тартады.
Соқадан —
соғысқа.
Кеңге салма арқаны
Қаруды
нық ұста!

АШЫҒУДЫҢ БЕСІНШІ КҮНІНДЕ

(Назым Хикметтен)

Бауырларым, егерде мен
Сіздерге айтпақ сырларым мен
Сөздерімді тапсам әрең,
Түсінерсіз себептерін:
Талды жүрек, өзектерім,
Бас айналып, шақты шекем,
Бес күнгі аштық ауыр екен.

Американ, европалық,
Бауырларым азиялық,
Елестейді көз алдыма
Түнек түнде маған келіп,
Көздеріңнен сәуле сеуіп,
Тұрғандарың қуат беріп.

«Бақыттымын» дер-ем достар,
Қолдарыңды болсам ұстар,
Бейне анамның қолындай-ақ,
Бейне сүйген жарымдай-ақ,
Бейне өмір өзі келіп,
Тұрғандай-ақ қолын беріп.

Білемін мен, бауырларым,
Ауыр жылдар дауылдарын,
Бірге өткіздің меніменен,
Менің туған елімменен,
Бізді ешкім айыра алмас.
Сүйемін мен елдеріңді,
Сүйем және өздеріңді,
Алғыс айтам, дос пен жолдас!

Бауырларым,
келмейді өлгім,

Жанбай жатып,
келмес сөнгім.
Ал, жендеттер тар қапаста
Өлімші етіп азаптаса,
Сонда да өлмей, өмір сүрем,
Сіздерменен бірге жүрем.
Өмір сүрем ұзақ жылға,
Поль Робсонның жырларында,
Күрескерлер туларында,
Арагонның өлеңінде,
Ашық аспан әлемінде,
Жер бетінде өмір сүрем,
Тірілермен бірге жүрем.

Осы — менің барлық күшім,
Осы — менің мақтанышым,
Осы, достар, бақытым шын!

ПОЭМАЛАР





КОМСОМОЛ БИЛЕТІ ТУРАЛЫ ЖЫР

(Баллада)

Жауапта,
жау алдында,
тұр жас жігіт,
Тіл қатпай,
мойын сұнбай
дұшпанына,
Жендеттің
сұр жыландай
түсі суық,
Қарамай, қаһарына,
қыспағына.
Жауыз жау сезді,
білді,
түк шықпасын
Азаптап
қорлағаннан,
қинағаннан.
Тартты да
ақырғы рет трубкасын,
Қарады
бейне
өлімге
қимаған жан.
Ұсынып
комсомолдық
көкшіл билет,

Деді ол:
— Билетіңді ал,
Бірақ тыңда!
Қайтесің?
Құр қағазды?
Неге керек?
Одан да
қолыңмен құрт,
таста жырт та!
Қаласың сонда аман
өзің де, үйің...
Сүресің бақытты өмір
жылдар ұзақ.
Билет ше?
Емес тамақ,
емес киім,
Тек қағаз
миды ашытқан,
басыңды улап.
— Жоқ,— деді
жас лениншіл,—
сөзің ағат!
Билеттің сезбейсің сен
қасиетін.
Есіме
түсіремін
соған қарап
Көсем атын,
бейнесін,
өсиетін.
Баулыған
бала жастан
Ұлы Отанды —
Сүюге,
Оған еңбек
етуге адал,

Қорғауға ел намысын
қиып жанды,
Жау түгіл,
бас имеуге
алдында ажал.
Жас күнімнен
жадымда
нұрын құйған,
Сәуле сепкен
жаныма,
жүрегіме,
Билетіммен
бірге мен
болсам құрбан,
Арман етпен!
Жеткенім тілегіме!
— Жарайды,—
деді жендет,—
Бала жастан
Бірге өссең,
ауыр болар
жырту қолмен.
Тастай ғой онда оны
суға аққан,
Қылмысың кешірілсін
тек сонымен.
— Жоқ, жендет,
Білем сенің ниетіңді!
Азғырма!
Арам ойың орындалмас!
Ленинның суреті бар
билетімді
Тастауға суға
әсте қолым бармас.
— Ендеше,—
деді жендет,—

өз қолыңмен
Сала ғой
билетіңді
жанған отқа,
Бітеді сұрақ,
қыспақ
тек сонымен,
Сонда жоқ
саған өлім,
азап,
сот та...
— Әзәзіл, әуре болма!
Азғырма сен!
Іске аспас,
өрге баспас
сиқыр сөзің.
Салғанша
билетті отқа
өз қолыммен,
Өлгенім артық
отқа түсіп өзім!
Сонымен,
сұрақ бітті,
көзі жетті —
Дұшпанның:
жас жігіттің азбасына,
Жан-жақтан
найза
жайша
жарқ-жұрқ етті,
Апарды айдап оны
дар басына...

* * *

... Өлді ол,
батырлықпен,
қабақ шытпай,
Бағынбай,
басын имей
жауыз жатқа.
Өлді ол,
билетіне
кір жуытпай,
Дақ салмай
комсомолдық —
ардақты атқа!

АЛЫПТАРДЫҢ АЙТЫСЫ

Электр:

— Жай отынан жаралғам,
Найзағайдан нәр алғам,
Көзді ашып-жұмғанша,
Кең әлемге таралғам.

Қызмет етем адамға,
Қолғанатпын маманға.
Елгезекпін,ептімін,
Іс тындырам табанда.

Мейлі мақта, даттаңыз,
Мексіз жоқ завод, шахтаңыз.
Орынынан жылжымас,
Мексіз поезд, автоңыз,

Ғарышқа ұшқан ана бір,
Жер серігі, корабль,
Күні жоқ мексіз оның да
Нанбасаңыз, қара бір!

Әлемге қуат, әл бергем,
Жылылық, жарық, нәр бергем,
Менің ұлы ісіме
Ленинның өзі мән берген.

Химия:

— Айтқаныңыз рас-ты,
Кең сермейсіз құлашты.
Электрдің күшімен
Табысқа табыс ұласты.

«Жарармын,— деп,— керекке»,
Мен де келдім көмекке,
Өзгерте алам өзгерем,
Емеспін тек желөкпе:

Мен де керек бұйыммын,
Жасай білсең — үйіңмін,
Іше білсең — тамақпын,
Киe білсең — киіммін.

Ұшса ракета аспанға,
Қанат беріп жас жанға,
Мен де қарап жатқам жоқ,
Тиісті үлес қосқам да.

Мен де өмірге нәр бергем,
Береке, ырыс, сән бергем.
Бағамды біліп партия,
Ерекше маған мән берген.

«Тұршы, анашым,
қақшы арқамнан —
жұмсақ,
майда қолыңмен,
Аймалаусыз,
еркелеусіз
өткенім бе өмірден!»
«Тұрар едім,
бет тақтайым
қатты, тығыз жабылған,
Үлкен, шомбал шегелермен
мықтап тұрып қағылған».
«Кімдер бізге тамақ беріп,
киіндіріп,
жұбатар,
Кімдер тарап шашымызды, жасымызды
құрғатар,
«Өгей шешең сылап, сипап,
майлар жағар шашыңа,
Киіндіріп,
отырғызар —
үстелінің басына».
«Өгей шеше,
рас, біздің
шашымызды тарайды,
Бірақ оның тарағынан
шаштың түбі қанайды».
Үстімізге таза көйлек
кигізсе ол, расымен,
Жуады оны өзіміздің
көзіміздің жасымен».
«Ықыласы түсіп,
бізге —
ас бергеннің өзінде,
Жын-шайтандар ойнақтайды
оның долы көзінде».

ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ҚҰЙРЫҒЫ НЕГЕ АЙЫР?

(Ертегі)

Қазақтың көне жерінде,
Адырлы, бұйрат белінде.
Бұлт шалған биік бастарын —
Таулардың жайлап тастарын,
Айдаһар өмір сүріпті,
Патша боп көп жыл тұрыпты,
Күшсізді талай жалмапты,
Тіссізді талай қандапты...

* * *

Жылдардан жылдар өткенде,
Кәрілік жылжып жеткенде,
Қайраты қайтып бұрынғы,
Айдаһар дертке ұрынды.
Өмірдің соңғы кешінде,
Еріксіз алды есіне:
Құдіретті, күшті кездерін,
Маңайын жайпап, езгенін,
Жалмаған, жұтқан шақтарын,
Жанышқан, қысқан уақтарын...
Жаңылдым, жаздым дегенге,
Өткен күн қайтып келер ме?!

* * *

Айдаһар қатты ауырды,
Айықпас дертке шалынды.
Бойдағы еттен арылды,
Тынысы әбден тарылды.
Көзден — от, беттен сән кетті,
Кеудеден — қуат, әл кетті...
Нөкерлер: Қораз, Қошқарлар
Жасады небір жоспарлар.
Ұзартпақ болып өмірін,
Көтермек болып көңілін,
«Аша ма?» деп тәбетін,
Тартты алдына қой етін.
Бірі — арқасын сипалап,
Бірі — санын уқалап.
«Табармыз,— деп,— дауаны»,
Қолданды небір шараны.
Жүзеге бірі аспады,
Істері алға баспады.
Бәрі де сасып, сабылды,
Не істерін білмей, аңырды.

* * *

Адырдың арты жар еді,
Қу Түлкі сонда бар еді.
Кей дертті емдеп, жазатын,
Өнеріептеп болатын.

Нөкерлер соған ағылды,
Түлкіге барып жалынды.
Ауруға Түлкі келеді,
Тамырын ұстап көреді.
Не қилы әдіс қылады,
Дәріні талай сынады.

«Тәтті қан іздеп тапсаңыз,—
Жазылар,— деді,— патшаңыз».
Айнала жұртқа қарады:
— Кім іздеп, оны табады?

* * *

Біз тұмсық Маса бар еді,
Ішкені ылғи қан еді,
Шағуға шебер болатын,
Кез келген жерден соратын,
Келместен сөзге, ол енді —
Шөлмегін алып жөнелді.
Масадай малғұн, зұлымға,
Жамандық жасау қиын ба?!
Әуелі шағып Елікті,
Қанынан татып, жеріпті.
Еті арам, жасық десек те,
Жабысты келіп Есекке.

* * *

«Бесікте жатқан нәреста —
Нағыз дәрі емес пе?»
Деген бір арам ой келді,
Не болмақ дүние? Ойла енді!
Келді де шақты Баланы,
Шырылдап бала қалады.

Көрсе бір сынап балықты,
Жан бітіп, асыр салыпты,
Айдаһар сынды алып та,
Ендеше, келмек қалыпқа!
Бұрынғы оған күш бітпек,
Сонымен, барлық іс бітпек.
Қайтадан жұртты қан қылмақ,
Дүниені ойран, шаң қылмақ...

* * *

Осынау маңды мекендеп,
«Жақсылық қайтсем етем?» деп,
Зұлымдыққа қаны қас —
Жүретін бір Қарлығаш.
Естіп мына сұмдықты,
Жүрегі оның түршікті,
Адамдардың тағдыры,
Жас сәбидің зар-мұңы
Аналық жанын оятты,
Қарлығаш қақты қанатты.

Жөнелді іздеп Масаны,
Қырлардан қырға асады,
Шарлады көкті көлбеген,
Жарысты жүйрік желменен.

Айдаһарға жеткізбей,
Тиісті емін еткізбей.
Масаны қуып жетеді,
Айқасқа түсіп кетеді.
Суырып тілін алады,
Ызыңдап Маса қалады.
Шөлмек те сынып, күл болды,
Қан тамып жерге, гүл болды...

* * *

Алыспай өлмек қайда бар?
Аласұрған Айдаһар,
Болдырмаған бұйрығын,
Қарлығаштың құйрығын
Жартылай жұлып алыпты
Айыр боп содан қалыпты!

Зұлымдыққа шек те бар,
Алынар одан кек те бар.
Құйрыққа кеп жармасқан
Айдаһар ауып жартастан,
Жерге құлап түсіпті,
Тағынан солай ұшыпты.

Сонымен, біздің Қарлығаш
Болса да нәзік, талдырмаш,
Жүргізіп күрес табанды,
Қалыпты қорғап Адамды.

Содан бері Қарлығаш
Болса да нәзік, талдырмаш —
Досы болды Адамның,
Аты болды баламның!

УКРАИНА ДАЛАСЫНДА

Ұлы Отан соғысының партизаны,
ақын-коммунист
Жұмағали Саинға арналды.
Автор

АРНАУ

Украина —
Ұлы өлкем,
Айдай әсем,
Күндей көркем,
Сұлулықтан иә байлықтан
Асып түсер сенен ел кем.

Ұлан байтақ даласы бар,
Сәулетті зор қаласы бар,
Күш-қуатқа,
ақыл-ойға
Бір елменен таласы бар.

Тарас сынды ақыны бар,
Богдан сынды батыры бар,
Жауға — айбар,
досқа — мақтан,
Ұлы орыстай жақыны бар.

Елдескенге елдігі бар,
Егескенге ерлігі бар,
Европаның қай елінен
Украинаның кемдігі бар!?

Украина — ұлы елім,
Отанымсың сен де менің,
Кеше сенің топырағыңды
Сүйген менің жерлестерім!

Мен де таттым дәм-тұзыңды,
Сүйдім сенің ұл-қызыңды,
Кезіп байтақ кең өлкеңді,
Араладым шың-құзыңды.

Бармадым мен басушы боп,
Халық қанын шашушы боп,
Бардым достық, ізгі оймен,
Жайыңа жан ашушы боп.

Бармадым һәм тамашаға
Достыққа бұл жараса ма!?
Бардым жәрдем бермек үшін,
Түстім сағаң арашаға.

Сол бір қара түнек түнде,
Қиын қыспақ, ауыр күнде,
Украина, сеніменен
Ой-тілегім болды бірге.

Туды бұл жыр сол тілектен,
Адал, ашық, ақ ниеттен,
Аз да болса, көпке балап,
Құп ал, достым, пәк жүрекпен!

I

Отты Украин даласында,
Долы Днепр жағасында,
Жатыр жігіт жараланған
Қалың орман арасында.

Арасында қалың орман
Жатыр жігіт жүзі солған.
Асыл тәннен әлі кетіп
Айлы жүзден қандар тамған.

Тамған қандар сел боп аққан,
Самай шашқа шор боп қатқан.
Кере қарыс кең маңдайын
Қанды, қара шаштар жапқан.

Кеше ұрыста тиіп бір оқ,
Ішін өртеп түсірді шоқ,
Жолдастары кеткен алға,
Санбат алыс, санитар жоқ.

«Жат өлкеде, жапан түзде
Береді кім жәрдем бізге?
Ажал, ажал, тек бір ажал!
Соған бас и, күдер үз де!»

Деп жас жігіт жатты сұлық,
Соңғы рет көзін жұмып,
Болды аттанбақ «ол дүниеге»,
Бұл өмірден үміт үзіп.

«Тоқта, достым, сабыр керек,
Күдер үзу — тым ертерек,
Табылар дос, табылар жар
Жіберетін сүйеп, демеп.

Ышқынғанда қысылып жан,
Талғанда тән, аққанда қан,
Аз ба адамға жақсылықтар
Душар болар тұтқиылдан!?

Әне, әне, анадайдан
Көрінеді қос қарайған,

Адам ба, әлде хайуан ба?
Көтерілді әне сайдан.

Келеді әне екі қара,
Артында арба бар ма және?
«Шыда, достым, шыда, шыда,
Бәлкім, болар солар пана!...»—

Деп сыбырлап сағым үміт,
Жаралыға жатқан сұлық,
Жігіт бұған сенді ме әлде,
Ашты көзін жатқан жұмып.

Кейде тағдыр сондай тентек,
Адамдарды етер тәлкек.
Жібереді таудай пәле,
Бір жақсылық күтсе әнтек.

Үміт үзсе дүниеден,
Береді күш, береді дем.
Бәрі кейде керісінше,
Бәрін кері істейсің, сен!

Күтіп еді жігіт көмек,
Жіберетін сүйеп, демеп,
Көзін ашса: тұр қос солдат —
Жау әскері мылтық кезеп.

Бірі:— Қолың көтер!— деді.
Жатты жігіт, көтермеді.
Ыңырсыды тек ақырын,
Қабақ шытты жөтелгелі.

Бірі — кезеп қара мылтық,
Бірі — шықты бойын тіктеп.
Жарасына қарамастан,
Салды арбаға жұлып, сілкіп...

II

Әкелді оны штабына,
Бастық қатты қыспағына —
Алғаннан соң:— Жөнелтіңдер —
Деді,— тұтқын қыстағына!

Жігітті алып шықты сыртқа,
Соғып басқа, ұрып ұртқа.
— Міне, азиат! Міне, дикарь!
Көрсетейік!— демек жұртқа.

Мұндай «қызық» «тамашаға»,
Тез жиылар бала-шаға.
Тұрды қоршап қалың халық,
Түсе де алмай арашаға.

Қалды алыста туған елі,
Тым жырақта өскен жері.
Жат өлкеде, жапан түзде
Арашалар кім кеп сені?

Ата менен ана қайда,
Пана болар осындайда?
Біле ме екен жалғызының
Тап болғанын мұндай жайға?

Қорғамай ма ұлын келіп?
Құтқармай ма қолын беріп?
Қайдан білсін ғазиз ана
Тұрғандығын өлім төніп?

Қайда ағасы, інілері?
Апа менен сіңлілері?
Борышты өтеп туысқандық,
Құтқармай ма бірі сені?

Олар дағы білмейді ғой,
Бұл хал ойға кірмейді ғой,
Шет өлкеде шеру тартып,
Шекпен киіп жүр дейді ғой...

Осы кезде топты жарып,
Екі көзден оты жанып,
Шықты да бір қыз ортаға,
Жас тұтқынды құшты барып.

Екі фриц қалды тұрып,
Тұтқын жігіт, ол да сұлық,
Жиналған жұрт болды аң-таң,
Кімге — қатер, кімге — қызық.

Бір кез фриц жиып есін,
Деді қызға:— Кімсің? Несің?
— Мен — Оксана, украинка!
— Неге оны сен сүйесің?

— Өйткені, ол — менің жарым!
— Жалған,— деді фриц-залым,—
Жарың болса кәне айта ғой,
Есімі кім? Кімге мәлім?

Оксана да ойланбастан,
Деді:— Оның есімі — Оспан!
Былтыр күзде екеуімізді
Атастырған, халық қосқан.

Фриц енді кеп Оспанға,
Деді:— Атың шын Оспан ба?
— Ие,— деді тұтқын бірден.
— Сендерді рас жұрт қосқан ба?

«Әлбетте» Оспан үлгергенше,
Оксана да сөзін кесе,

Деді:— Мына халық куә,
Болған бізде әлденеше.

Сонда қоршап тұрған халық,
Десті бірден:— Анық, анық!
— Түсінбеймін,— деді фриц,
Сен — украинка, ол қай халық?

— Мен қазақпын,— деді Оспан.
— Екеуіңді қалай қосқан?
Оспанда үн жоқ. Сонда Оксана
Былай деді ойланбастан:
— Шын махаббат болса кімде —
Қарамас ол дінге, тілге.
Өлімді де жеңген сүю,
Мойындамас күшті бір де!

Қалды фриц таппай жауап,
Сонсоң тұрған көпке қарап,
Деді:— Оспан Оксананың
Кепілімен болсын азат!

Бәлкім, біреу бұған нанбай,
«Жау бола ма,— дер де,— ондай?
Өйткені біз үйрендік қой
Жау біткенді көруге аңдай.

Десек те біз: «Дұшпан — жаман,
Дұшпан — жауыз, дұшпан — надан».
Дегенменен, ол да — жан ғой,
Дегенменен, ол да — адам!

Оның да жан, жүрегі бар,
Арман, үміт, тілегі бар,
Аққан қан мен төккен зарға
Кейде құлақ түрері бар.

Оның да бас, көздері бар,
Ақыл, сана, сөздері бар.
Болса-дағы қанша дұшпан,
Кейде жұмсар кездері бар.

Жас жігіттің аққан қаны,
Жас арудың төккен зары,
Қаумалаған халық кәрі,—
Жұмсартпасын қалай бәрі!?

Қыз Оксана жас Оспанды
Құшақтады, қолтықтады,
Сүйеп, демеп һәм жетелеп,
Жөндеріне кете барды.

III

«Солай достым, солай Оспан,
Мұндай халді жоқ ең тосқан.
Ойда жоқта құтылдың сен
Айдаһардан аузын ашқан.

Енді, достым, тұрма қарап,
Өткізбе бос минут, сағат.
Айт рахметті, жаудыр алғыс,
Қалма қыздан «Оксаналап».

Деген бір ой басқа келіп,
Оксанаға қолын беріп,
— Рақмет,— деді,— құтқардыңыз
Аждаһадан тұрған төніп.

Айтыңызшы атыңыз кім?
Шыққан тегің, затыңыз кім?
Періште ме, пендесіз бе?
Қалай сонша батылсыз тым?

Сонда жас қыз жайлап қана
Деді:— Мен бе? Мен — Оксана!
Украинка.
Осы жерлік.
Бар тарихым осы ғана.

— Қалай түстің арашаға?
— Көрдім тұрған бала-шаға,
Жұрт жиылған жерге келіп,
Тап болдым бұл «тамашаға».

Бір дәстүр бар біздің елде:
Егер торға түссе пенде,
Бермек керек қолдың ұшын,
Осы салтпен өскем мен де.

Десем сізді туысқаным,
Иланбас жау, бөлек қаның.
Сонсоң жиып ар-ұятты,
Дедім бірден:—«Сүйген жарым».

Халқым қарсы болмайтынын,
Қайта демеп, қолдайтынын,—
Білдім-дағы куә еттім,
Мұндайда өзі қорғайтұғын.

— Есімімді білдің қайдан?
— Нобайменен айттым ойдан,
Байқауымша, сіздің жақта
Оспан — есім етек жайған.

— Иә, солай,— деді жігіт,
Басқа сөз жоқ, болды сұлық,
Тек қарақат қара көзін —
Қадап қызға, қалды тұрып,

— Тоқтамаңыз,— деп,— жүріңіз!
Ертіп келед жігітті қыз.
Екеуінің іштерінде
Нендей сыр бар? Білмейміз біз.

IV

Оксана үйге келе сала,
Деді бірден:— Мама, мама!
Жаралы әскер, келдім ертіп,
Боламыз ба аз күн пана?

— Не дегенің, ой Оксана?
Маған сен де, ол да бала,—
Деп қарсы алды құшақ жайып,
Алпыстағы Марфа-ана.

О, қасиетті, қастерлі ана,
Өмірге тек сенсің пана.
Сол ананың қасиетін
Білмейді-ау кейбір шала.

Аналарға қадыр, құрмет
Ету — бүкіл жұртқа міндет.
Ана болса — ардақта тек,
Сұрама сен:—«Мынау кім?»— деп.

Юлий Цезарь, Әмір Темір
Қанша қатал, қанша жебір —
Болсадағы,
ана алдында —
Басын иген, сен де жеңіл!

Аналардың қасиетін
Сонша созып, айтам несін!?
Мүмкін оны, о, оқушым,
Менен де өзің көп білесің!?

Одандағы біздің Оспан
Қайда, қалай орналасқан?
Табайық біз соны іздеп,
Айрылмайық ескі достан.

Сонымен Оспан жігіт
Таза, жылы үйге кіріп,
Есін жиды, тамақ ішті,
Демін алды аз кідіріп.

Сонсоң абзал Марфа-ана
Су жылытып іле-шала,
Жуындырды, шомылдырды,
Кигізді үске киім жаңа.

Жылы төсек, жұмсақ жастық
Бой балқытып, дереу мас қып,
Алып кетті тез ұйқыға,
Жұмды жігіт көзін тас қып.

V

Өтті уақыт,
Білмейді анық —
Қанша екенін.
Бөлме жарық.
Көзін ашты бір кез Оспан,
Ояныпты ұйқы қанып.

Төңірегін көрсе қарап,
Отыр ана жамау жамап,
Бір бұрышта Оксана отыр
Көк кітапқа көзін қадап.

Оның аппақ жүздерінен
Ай сығалап, Күн көрінген,

Көк аспандай мөлдір көзден
Ғажайып бір нұр төгілген.

Сүйкімді, әсем пісте мұрын
Жұқаланып біткен қырын,
Қызғалдақтай қызыл ерні
Гүлден жұқа, балдан шырын.

Ақ ниетті абзал ана
Оянғанын көре сала
Жас жігіттің,
деді оған:
— Қанды ма ұйқың! Қалай, балам?

— Ие,— деді жігіт бірден,
Аянышты әлсіз үнмен.
— Бәлкім, асқа көңілің шабар?
— Рахмет, ана, ішпеймін мен!

Осы кезде Оксана да
Сезбесін деп сергек ана,
Тастап қойды көз қиығын
Жас жігітке ептеп қана.

Жатыр жігіт жазық маңдай,
От көздері жаққан шамдай,
Қыр мұрынды, қою қасты,
Ақ тістері ақ маржандай.

— Жақсы, жаным. Онда өзің біл.
Қәне, айтшы бізге бір сыр,
Кімсің және қай жерліксің?
Қалай түстің жағдайға бұл?

Жігіттерге біздің мұнда —
Ұқсамайсың.
Бөлек тұлғаң.

Тегі алыстан деп ойлаймын,
Қалай пайда болдың мұнда?

— Ие,— деді сонда Оспан.
Жатқан күйі қозғалмастан
(Осы үнге Оксана да
Болар бәлкім құлақ тосқан).

— Рас, ана, алыста елім.
Қазақтардан менің тегім.
— Қазақтардан? Ол қайсы ел?
Естігенім жоқ ед менің.

— Ақ Еділдің ар жағында,
Алтай тауы бер жағында,
Көлбеп жатқан кең өлке бар
Қоршап таулар жан-жағынан.

Орал — Памир арасында,
Арқа, Тұран даласында,
«Қазақстан» аталатын
Үлкен өлке дәл осында.

Менің тегім осы елден,
Бір жасасқам осы жермен,
Арғы ата-бабамыз да,
Осы өлкеде өсіп-өнген.

Осы өлкеде асыр салып,
Еркін өскен біздің халық,
Талай батыр ұл тудырған
Қамал бұзған жауға шауып.

Амангелді, ақын Абай,
Шоқан, Жамбыл, Ер Исатай —
Есімдері көпке аян,
Естігенсіз мүмкін талай?

— Ие, бар ед естігенім,
— Солар менің арғы тегім.
— Түсінікті, ал бұл жаққа
Не себепті, қалай келдің?

— Украинаға тиіп дұшпан,
Елдігіне салып нұсқан —
Жатқандықтан,
Мені елім —
Аттандырды Күншығыстан.

— Түсінбеймін,— деді ана,—
Мұнда бір сыр бар ғой, бала.
Қайдағы бір шет жерліктің
Жаны аши ма Украинаға?

— Болса-дағы түрлі дінде,
Сөйлесе де түрлі тілде,
Ақ ниетті адамдардың
Ой-тілегі болмақ бірге.

Бейбіт, тыныш Украинаны
Жазықсыздан дұшпандары
Талап жатса аш қасқырдай,
Бұған кімнің шыдар жаны?!

Шыдамадым бұған мен де,
Ерікті әскер біздің елде —
Құрылғанда,
мен де аттанып,
Келіп қалдым осы жерге.

Бір жыл өтті содан бері,
Мен — Советтің жауынгері.
Күреспекпіз болғанша азат,
Богдан менен Тарас елі!

Содан ана келді жанап,
Жас жігітке тұрды қарап,
Сүйді ыстық маңдайынан,
Сүйді туған ұлға балап.

Оксана да сырттан бағып,
Әңгімеге құлақ салып —
Тұрған еді.
Мұны көріп
Көзден маржан кетті тамып.

Аттап өтпей ана жолын,
Ізіменен жүріп соның,
Қол ұсынып жас жігітке
Деді:— Міне, достық қолым!

Жігіт қыздың қолын алып,
Алақанға біраз салып,—
Қысты дағы, сүйді қатты
Ерініне тақап барып.

Жігіт ерні қандай ыссы!
Қыздың қолы қандай тұщы!
Деп тұрғандай бір-біріне:
— Тағы да сүй!
— Тағы қысшы!

«Бірақ ұят, сабыр керек,
Сүйісерге әлі ертерек.
Кім біледі, абзал-ана
Ойлап қалар әлде не деп!»

Деген келіп жастар ойға,
Бар сезімді бүкті бойға.
Пайдасы жоқ. Ана ішінен
Дайындалып қойған тойға.

Қайран достық, қайран сүйгі!
Сенен де зор бар ма тұйғы?
Бірақ ана махаббаты
Бәрінен де ізгі, сыйлы!

VI

Сонымен біздің Оспан
Адам болды лайық дастан.
Ана менен Оксана үшін
Жан болмады онан асқан.

Болды жігіт сырлы, сыйлы,
Көрді құрмет неше қилы.
Бірі — сүйіп баласындай,
Бірі — оны жарша сүйді.

Бірі — қолға құйса суды,
Бірі — дереу кірін жуды.
Бірі — жұмсақ төсек жайып,
Бірі — астың қамын қылды.

Барлығы да Оспан үшін
Аямады қайрат, күшін.
Жүр жүгіріп абзал ана,
Жүр Оксана — сұлу мүсін.

Ана Оспанды қарасынбай,
Сүйді бейне баласындай,
Оспан да оны құрметпенен
Сүйді туған анасындай.

Оксана ше? Ол бір бөлек,
Сезімі оның елден ерек.
Көңілінде терең сыр бар,
Әзірше жүр бойын тежеп.

Алқынады асау жүрек,
Ғажайып бір тоят тілеп,
Жетелейді шыңнан шыңға
Албырт арман, тентек тілек.

Білдірмекке ішкі сырын,
Сездірмекке жүрек мұңын,
Жас жігітке жазатайым —
Тастап қояр көздің қырын.

Осы бір көз, осы қарас,
Осы назар, осы жанас,
Айтқызбай-ақ аңдатпай ма,
Оксана ашық! Жоқ қой талас!

Кездессе егер кісі лайық,
Сүю оны — емес айып.
Кінәламай Оксананы,
Қайта оны құттықтайық!

VII

О, оқушым, сауал сізге!
Қәне, жауап берші бізге:
— Ұлы өлке Украинаны
Аралап бір көрдіңіз бе?

— Жоқ,
— Ендеше, бері қара!
Украина — шексіз дала,
Масатыдай мың құлпырған
Ойы, қыры, сай мен сала.

Жері — қызыл гүл жамылған,
Тауы — бұйра бұлт тағынған,
Ормандары оқаланып,
Емес одан шық арылған.

Кең даланы екі жарып,
Асау аттай асыр салып,
Ағады ерке Днепро
Буырқанып, бұйраланып.

Көркем қала, әсем қыстақ
Көз тартады жаннатқа ұқсап.
Шағаладай шаңқан үйлер
Шақырады жайып құшақ.

Бүрген тоғай, шие бағы
Сылаң қағып тұрар тағы.
Міне, менің Оксанамның
Өтті осында жастық шағы.

Днепрдің ішкен суын,
Полтаваның терген гүлін,
Тернопольдің тоғайында
Естіген ол бұлбұл үнін.

Тарас жырын жатқа білген,
Леся сырын ұққан бірден.
Шелменко мен Галушконы[1],
Сан рет көріп, сан рет күлген.

«Катерина», «Оксана ма»,
«Наталка ма» әм басқа да
Украина дастандарын
Оқитұғын ол жастана.

Наливайко тарихтарын,
Сагайдачный жорықтарын,
Кармелюктің каторгіде[2]
Азап шегіп, зорыққанын,

---

[1] *Шельменко, Галушко* — украина комедияларының кейіпкерлері.

[2] *Наливайко, Сагайдачный, Кармелюк* — Украинаның ұлттық батырлары.

Шевченконың айдалғанын,
Франконың байланғанын,
Бір бұл емес, бүкіл елге —
Қарсы қылыш қайралғанын...

Оксана қыз білді бәрін,
Біліп қоймай, ұқты мәнін,
Өз елінің осы халі
Қинайтұғын қыздың жанын.

Кім күрессе Отан үшін
Аямастан қайрат, күшін,
Сол ұнайтын — Оксанаға,
Сол сүйікті ер — Оксана үшін!

О, оқушым таныссаңыз,
Міне, біздің батыршамыз.
«Батківщина»[1] десе дайын,
Патриотка еді нағыз.

Келсек істің анығына,
Жаста Польша пандығында —
Өскендіктен,
тиген ептеп
Ұлтшылдықтың шалығы да.

«Бірақ қыз ғой — қыздың аты,
Емес пе әйел — арғы заты.
Отаншылдық өр сезіммен —
Қоса жүрер махаббаты».

Дер де мүмкін кейбір
достар,
Әйелдерге іштей қастар,

---

[1] Батківщина — Отан (*украинша*).

Бар ғой әлі арамызда
Түрлі-түрлі көзқарастар.

Болады рас махаббат та,
Шығармаймыз оны жоққа.
Болмаса ыстық махаббаты
Ондайлар да адам боп па!?

Бұл махаббат кімге арналмақ?
Міне, қызға үлкен сұрақ!
Болар ма еді көрінгенді
Сүйсе егер — кеткен ұнап?

Туған елдің дұшпандарын
Сүймейді ол, берсе жанын.
Достарын ше?
Шынын айтсақ,
Ойланбаған осы жағын.

Міне, бүгін бірінші рет,
Оксананың алдына кеп,
Тұрды осы үлкен сұрақ,
Шұғыл, әділ жауап тілеп.

Украинаның достарын ше?
Отандасын, дос-жарын ше?
Сол отандас, достың бірі
Қос Аралдың Оспанын ше?

Осы ойлар маза бермей,
Қуды қызды із өкшелей.
Бір бөлмеден бір бөлмеге,
Жүрді тасқын қуған сеңдей.

Түссе сүю оты ішіне,
Бере ме ерік ол кісіге!?

Оксананы отырғызбай,
Алып келді бақ ішіне.

VIII

Оксана отыр ауыр ойда,
Ізгі сезім толған бойға,
Шектен асқан махаббатын
Сыйғызарын білмей қайда.

Он тоғызға жасы келген,
Жүзіне өң, көрік енген.
Түрлі сезім пісіп жетіп,
Жаны өсіп, тәнін керген.

Міне осы сүйетін шақ,
Жанатын шақ, күйетін шақ,
Бұл жасында сүймеген жан —
Адам емес, тірі аруақ!

Міне осы сүйетін кез,
Жанатын кез, күйетін кез,
Бұл жасында сүймегендер,
Қыз емес — тұл, ер емес — ез.

Бұл жасында теңін тауып,
Сүйсе егер — емес айып.
Соның үшін Оксананы —
Айыптамай, құттықтайық!

Қыз ойлады:— Міне Оспан,
Украинаға нағыз дос жан,
Азаттығын аңсап оның,
Күресіне үлес қосқан.

Қалай оны сүймеске енді?
Қалай жанып, күймеске енді?

Қалай оған жар болмасқа,
Тағдырымыз үйлессе енді?

Қиял шалқып түрлі жаққа,
Ой жүгіріп қырық саққа,
Ақыл қызға:—«Тоқта!»— десе,
Дейді сезім:—«Сүй, құшақта!»

Оксана осы ойға келіп,
Бойын ыссы сезім жеңіп —
Отырғанда,
естілді бір —
Шырқалған ән бақты керіп.

Бұл кім екен?
Оспан ғой бұл!
Шырқаған ән, толғаған жыр.
Өз елінің өлеңімен —
Ұқтырмақ па қызға бір сыр.

«Катюша ма», «Гаккуды ма»?
«Ғалиябану», «Аққұмды ма»?
Айтты Оспан әуелетіп,
Сұлу әнмен тәтті тілде.

Осы бір жыр, осы бір саз,
Осы бір ән, осы бір наз,
Қытықтады қыздың жанын,
Сүйдірмеске қоймады лаж.

Жігіт даусы шарықтады,
Ішкі сырын анықтады.
Түсініксіз болса да тіл,
Түсінікті еді мәні.

Қызға өлең бүй дегендей,
— Кел, құшаққа, сүй!— дегендей,

Тағдырымыз болсын бірге,
Бірге тоң, бір күй!— дегендей.

Өлең тербеп жүрек қылын,
Шертті сыртқа қыздың сырын,
Шырқады ол да нәзік үнмен
Украинаның отты жырын.

Украинаның отты жырын
Естігенің бар ма, інім?
Жыр деп міне айт осыны,
Әрі айбынды, әрі шырын.

Естігенмін талай тілді,
Тыңдағанмын талай жырды,
Бірақта мен естігем жоқ
Дәл осындай әсем үнді.

Құлақ салсаң ырғағына,
Сарынына, мұң, зарына,
Рух жағынан ұқсайды ол
Біздің елдің жырларына.

Қыз — бақшада, жігіт — үйде,
Асқақтата басты күйге.
Екі елдің жырларына
Толғандай боп тұрды дүние.

IX

Ал, Оспан ше?
Не сыры бар?
Көңілінің не кірі бар?
Болар ма екен білерге оны?
Қандай екен жігітте хал?

Өтті, міне, ай шамасы,
Біткен бойда бар жарасы.
Қалды көзір сауығып та,
Тәуір көңілі, көз қарасы.

Ет те біткен сүйегіне,
Қан жүгірген иреңіне,
Қайта айналып бойға қуат,
Құш те біткен білегіне.

Бірақ жара жазылғанмен,
Тәнге дауа табылғанмен,
Жас жігіттің жүрегіне
Түсті бір дерт табылмас ем.

Түсінікті ондағы дерт:
Қапылыста болды да мерт,
Тұтқиылдан тұтқындалып,
Бұзылды ғой әскери серт.

Отан оны ұлға балап,
Асып бойға қару-жарақ,
Аттандырса ел қорғауға,
Ойда жоқта ол болды қарап.

Жиырма жылдай баққан жігіт,
Сылап, сипап қаққан жігіт,
Ақтай алмай ана сүтін,
Жылы жерде жатқан бұғып.

«Бара қалсам ертең елге,
Шығып алдан аға, жеңге,
Десе:— кәне, не бітірдің?
Қарарлық бет бар ма менде?

Бар ғой тағы әдет елде
Қарайтұғын шекпен, шенге.

Десе:— кәне атақ, абырой?
Одан да артық кірген көрге.

Қалар елдің көңлі суып,
Жүрер тіпті күдік туып,
«Ер емес ол, ез!» дер әлі,
Жатырқар жұрт, келмей жуық.

Басқаны қой, Жәміш — жеңге:
— Біздің Тентек жауға пенде —
Болып,
ақыр жан сауғалап...
Деп жаймай ма талай елге?

Ілінгенше мұндай сөзге,
Жүз есе артық кірген көрге.
Емес пе еді намыс, борыш
Жаннан артық жауынгерге?

Деген ойлар Оспанға ылғи,
Маза бермей бейне қырғи,
Жабысады жатса да кеп,
Отырса да қалғып, мүлгі.

Бірақ кімге ашпақ сырын?
Кімге шақпақ шерлі мұңын?
Кім түсінер жас жүрегін
Жалындаған енді мұның?

Фашист болса қанды қармақ,
Салып жұртты жатыр қармап,
Қылдан тайсақ қылт еткізбей,
Жатыр құртып, жатыр жалмап.

Дегенменен, етсе талап,
Жатпай босқа күнді санап.

Емес пе бұл өз ел-жұрты,
Қалса да аз күн жатқа қарап.

Қайта халық осындайда
Топтаспай ма, қосылмай ма?
Бар емес пе Оксанасы,
Дейтін емес: «досың қайда?».

Бүксе де ол сыр басқадан,
Жасыра алмас Оксанадан,
Дәлелдеген достығын ол
Алып қалып дар-аспадан.

Сонымен біздің Оспан
Оксананы көріп дос жан,
Ақылдаспақ боп онымен
Қойды ноқат ойға тоқсан.

X

Өтті күндер, өтті айлар,
Өтті талай сырлар, жайлар,
Оспан менен Оксананың
Арасында нендей жай бар?

Екі өрен келісті ме
Тілден ләззат берісті ме?
Әлде үйлеспей мінездері
Жанжалдасып, керісті ме?

Кім біледі, қайсы бір жас,
Соққан құйын, желмен бір бәс.
Бүгін — тату, ертең — қату,
Қылығына парық қылмас.

Бірін-бірі көре сүйген,
Сүйе салып, бірден тиген.

Үйлеспей соң мінездері,
Бірін-бірі қуар үйден.

Бірақ Оспан һәм Оксана,
Меніңше, емес ондай шала.
Ақыл-ойға үлкен кісі,
Болғанменен жасқа бала.

Үлкен дейміз.
Үлкеннің де —
Көріп жүрміз сықын күнде.
Олардың да қайсыбірі
Адамдықтан азған мүлде.

Кейі шенге, шекпен құмар,
Атақ, ақша, етке құмар.
Ізгі сезім, жоғары ой жоқ,
Не мінез жоқ көпке ұнар.

Құлқынына құныққандар,
Жүректерін суытқандар,
Махаббатты һәм достықты
Талақ еткен, ұмытқандар.

Жә, оқушым, доғарайық,
Мүмкін біреу тағар айып,
«Сөзге еркіндік!»— деп еліріп,
Басқа пәле жамамайық!

Айналысып сөзбен басқа,
Өткізбейік күнді босқа,
Әңгімені әкелейік
Тура бастап екі жасқа.

XI

Алтын табақ Ай астында,
Алма бағы аясында,
Отыр әне екі жас жан,
Міне, қызық жай осында!

Екеуі де отыр үнсіз,
Бірін-бірі ұғып тілсіз.
Көз айтпай ма?
Іш білмей ме?
Тек жүректер болсын кірсіз.

Бұзып бір кез тыныштықты,
— Оксан!.. деген бір үн шықты.
Айта алмады арғы жағын,
Болсадағы қанша мықты.

Айта алмады.
Оған сенем.
Ондай жайлар өткен менен.
Сүйген қызға сөз айтудан
Қиын нәрсе көрген емен.

Барар жігіт болса ұрыс,
Істер берсең нелер жұмыс,
Бірақ «сүйем» деген сөзді
Айта алмас, бітер тыныс.

Оксана да күлім көзбен —
Қарап қойды,
іші сезген
Болар мүмкін жігіт ойын —
Шарықтаған, қиял кезген.

— Ой, Оксана, Оксанашым,
Міне, өмірім, міне басым!

Сүйем сені, білсең тегі,
Мені қинап не қыласың?

Дей көрме тек дінің бөлек,
Сөйлейтұғын тілің бөлек,
Шын жүректен сүйгендерге
Дін де, тіл де болмас бөгет!

Деді дағы Оспан біздің
Алдына кеп ару қыздың
Отырды кеп бір тізерлеп,
Кетті бойдан босап тізгін.

Қыз алдында басын иді,
Қыздың қолын қысып, сүйді.
Шыдата ма жастық оты,
От боп жанып, шоқ боп күйді.

«Қыз алдында бас иді»— деп,
Оспанды жұрт сөкпеңдер тек.
Талай ерлер қыз алдында
Дулығасын тастамап па еді?

Әйелге ету күштілікті —
Емес ерлік, ерсі тіпті.
Онымен сені ешкім
Демес батыр, демес мықты.

Қайта әйелге иіліп кел,
Кішілікпен, қиылып кел,
Сонда саған жарасады,
Сонда сені: «Ер жігіт» дер.

Жігіттерді «жеуге» шебер,
Қылымсыған қыз болса егер,
Оксана да құйқылжыр ед,
Көрсетер ед нелер өнер.

Бірақ біздің Оксанамыз
Еді одан басқарақ қыз,
Сиқырлықты білмейтұғын,
Көрсетпейтін жасанды жүз.

Сүйсе — таза, адал сүйген,
Күйсе — тағы ашық күйген.
Сезімі мен сөзі бірдей,
Бүкпесі жоқ ішке түйген.

Сүйгендігін жасыра алмай,
Не «қулығын» асыра алмай,
Тұрды Оксана өрт боп жанып,
Оспанға ол да бас ұрардай.

Ол Оспанның сипап басын,
Уқалады жұмсақ шашын,
Көзіне оның көзін тікті,
Дегендей-ақ:— Шын ба? Расың?..

Бір-біріне қадалды көз,
Бәрі айқын. Не керек сөз?
Көз қадалды, жүз қадалды,
Шіркін, шіркін, осы бір кез!..

Тиген кезде ерінге ерін,
Махаббаттың басты мөрін,
Жүректер де растады,
Заңды етіп қойды қолын.

Мешітсіз-ақ, шіркеусіз-ақ,
ЗАГС сыз-ақ, тіркеусіз-ақ
Қосылысты екі жүрек
Құпиясыз, бүркеусіз-ақ.

Оксанамыз сөйтіп біздің
Қуыршағын жинап қыздың,

Өткен айлар, өткен апта,
Біткен бойда жарақат та.
Енді Оспан аттанбақшы,
Қосылмақшы қайта сапқа...

Соғыс әлі болмай тамам,
Жүруде еді ұрыс әман,
Соның үшін Оспан бүгін
Айрылыспақ Оксанадан.

— Бітер жорық, бітер сапар,
Шыда, жаным, оған қадар,
Туған елің — Украинаға
Азаттықтың таңы атар.

Туған елдің сол таңында,
Қуаныштың мол шағында,
Келеді деп күт мені сен,
Болам сонда мен жанында.

Айналайын ақ Оксана,
Мені есіңнен еш тастама!
Жарым да сен, арым да сен,
Ой, Оксана, ой Оксана!

— Айналайын Оспантайым,
Сенсің — Күнім, сенсің — Айым.
Жүрегімді кеттің алып,
Сені қалай ұмытайын!

— Айналайын ақ Оксана,
Сала көрме көз басқаға,
Біздің халық тым қызғаншақ,
Ой, Оксана, ой Оксана!

— Айтылған серт, берілген қол —
Адам үшін қасиетті ол.

Ұмытпа, Оспан, Оксанаңды,
Оксанаңа сен де адал бол!

Уақыт та жоқ ұзақ сөзге,
Сөз түсе ме мұндай кезде?
Көңіл босап, буын балқып,
Тығылды ыстық жастар көзге.

Кетті қайрат, қуат бойдан,
Шықты ақыл, сана ойдан,
Естен танды екі ғашық,
Осы минут, қайран, қайран!

Бір мезгілде Оспан-жігіт,
Есі кіріп, бойын жиып,
Сүйіп жарын соңғы рет,
Көлігіне алды мініп.

Отан үшін туған жігіт,
Отаны үшін кетті жүріп.
Қалды артында сүйген жары,
Қолын былғап, көзін тігіп.

Ойлы көзбен сен қарасаң,
Бұл да өзінше бір тамаша,
Жігіт көркі — жорық болса,
Жарға күту — тым жарасар...

ЭПИЛОГ

Өтті күндер, өтті жылдар,
Ақты талай өзен, сулар,
Тынды дүлей соғыс дауылы,
Желбіреді бейбіт тулар.

Арнасына түсіп дүние,
Тыныштық бір келді күйге.

Шет өлкеде шеру тартып —
Жүрген жандар қайтты үйге.

Қаз қаңқылдап ұшты көлге,
Сұңқар самғап тартты шөлге.
Қайтты Оспан да Оксанамен
Қос Аралға — туған елге.

О, оқушым, сездің нені?
Мұнда бір сыр бар ғой тегі,
Қызға қымбат — махаббаты,
Жігітке ыстық — туған елі.

Келеді деп Оксана, Оспан,
Қала халқы жолын тосқан.
Бәрі шыққан қарсы алуға,
Қалмай ешкім кәрі — жастан.

Келді туған қаласына,
Кірді жиын арасына,
Ата-ана, аға-жеңге,
Дос-жараның бәрі осында.

Жайқалады қолда гүлдер,
Естіледі шаттық үндер,
«Құтты болсын!» айтып жатыр
Қолын бұлғап әлдекімдер.

Ақ жаулықты бәйбішелер,
Мұндай іске қандай шебер!
«Шашу, шашу!» деп жар салып,
Тәтті тағам төкті нелер.

Оксананы қолтыққа алып,
Қалың топты екі жарып,
Беттеді Оспан анасына,
Айлар, жылдар күткен талып.

Келгенде алға екі бала,
Мейірманды, ақ шашты ана,
Құшты әуелі Оксананы,
Өпті беттен құшырлана..

Сонсоң ана сүйді Оспанды,
Аймалады, мейірі қанды.
Ақ батасын беріп оған,
Құттықтады жас жандарды.

Қатар-қатар үй тігілді,
Лек-легімен жұрт жиылды.
Ақ басты ата ұлдарына:
— Баста тойды!— деп бұйырды.

Кәзіргінің қарттары да,
Бөлек сана-салттары да,
Қарабай мен Базарбайдың
Жоқ оларда тартпағы да.

Жиылды жұрт ойдан, қырдан,
Басталды той. Қызды думан.
Домбырадан күй төгіліп,
Ағылды жыр бандурадан.

Қонақтардың тобын бастап,
Келді Орлов, келді Остап...
Еліміздің ежелдегі
Шын достығын тағы растап.

Ат шабылды, қой сойылды,
Табақ-табақ ет қойылды.
Сері жігіт, сергек бикеш
Қыздырмалап кетті ойынды.

---

[1] Бандура — украинның ұлттық музыка аспабы.

Осы кезде Орлов тұрып,
Көпшілікке мойын бұрып:
— Ғазиз достар, рұқсат болса,
Менде бір сөз...— деді күліп.

Ән-күй өшті. Сыбыр тынды.
Бәрі тегіс мойын бұрды.
Үкім оқыр судьядай,
Дәл ортада Орлов тұрды.

— Бұза алмастай қарға, құзғын,
Қалыптасқан қанмен біздің —
Махаббаты ұл мен қыздың,
Достығы ұлы халқымыздың.

Достығы үшін халқымыздың,
Бақыты үшін ұл мен қыздың,
Көтерелік, кәне достар,
Тостымызды осы біздің!

Орловтың бұл сөзін қостап,
Көтерді Оспан, көтерді Остап,
Қалысар ма Қабаң мұнан,
Жұрттан бұрын қойды тастап.

Ашулы арақ, шәлкеш шарап
Ішке түссе, тұрмас қарап,
Көтеріліп градустар,
Кетті тойды қыздырмалап.

Осы тойға мен де келгем,
Салтанатын көзбен көргем,
Айдай нұрлы Оксананың
«Беташарын» айтып бергем.

Осы тойда біздің Оспан
Хикаясын кешкен бастан
Айтып еді маған сыр ғып,
Туды сонан осы дастан.

О, құрметті оқушымыз,
Мүмкін шаршап, жалықтыңыз,
Екі жасқа бақыт тілеп,
Тамамдайық дастанды біз.

МАЗМҰНЫ

Өлеңдер

Әке сыры 5
Ана туралы жыр 7
Туған жер толғаулары 9
Октябрь өлеңдері 12
Жұлдыз жырлары 15
Достық жырлары 18
Өлеңді жылдар 23
Жарқын жұлдыздар 30
Ол күндердің өшпес даңқы... 37
Еңбекпен нәрлеп өмірді 49
Лирика дәптерінен 54
Көңілде жүрген кей ойлар... 62
Әлемде талай тағдыр бар... 70
Жеткіншектер жыры 73
Ұстаздар үні 76

Поэмалар

Комсомол билеті туралы жыр 89
Алыптардың айтысы 94
Үш жетімек 97
Қарлығаштың құйрығы неге айыр? 99
Украина даласында 104

Буркут Искаков

ГОДЫ В ПЕСНЯХ

СТИХИ И ПОЭМЫ

(на казахском языке)

Редактор *К. Ашинов*
Художник *Б. Машрапов*
Художественный редактор *М. Есергепова*
Технический редактор *А. Мулжебаева*
Корректор *Ж. Казиев*

ИБ № 4088

Терууге жіберілді 12.10.87. Басуға 08.01.88. қол қойылды. УГ 19008. Қалпы 70×90¹/₃₂. № 2 баспа қағаз. Қаріп түрі «Әдеби». Шығыңқы басылыс. Шартты баспа табағы 5,26. Шартты бояу көлемі 5,5. Есепті баспа табағы 5,75. Тиражы 2000 дана. Заказ 2364. Бағасы 65 т.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің Халықтар достығы орденді «Жазушы» баспасы, 480124, Алматы қаласы, Абай проспектісі, 143-үй.

Қазақ ССР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитеттің «Кітап» полиграфиялық кәсіпорындары өндірістік бірлестігінің полиграфия комбинаты, 480002, Алматы қаласы, Пастер көшесі, 41.

Ысқақов Бүркіт.

Ы 88 Өлеңді жылдар: Өлеңдер мен поэмалар.— Алматы: Жазушы, 1988.—144 бет. суретті.

Ақын Бүркіт Ысқақовтың есімі оқырман қауымға көптен таныс. Оның «Сенің Отаның», «Москваны тыңдаймын», «Өнерпаз болсаң», «Сенің өлеңдеріңе» атты жыр жинақтарын жұртшылық кезінде жылы қабылдаған болатын.

«Өлеңді жылдар» атты бұл кітапқа автордың әр жылдары жазған Отанымыздың ұлылығын, халқымыздың еңбектегі ерлігі мен майдандағы қаһармандығын, халықтар бірлігі мен достығын паш ететін шығармалары топтастырылып отыр.

И $\frac{4702230200-116}{402(05)-88}$ 68—88

ББК 84Каз7—5

65 т.

